# СЫР ТАБИҒАТЫ

ҚОҒАМДЫҚ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ГАЗЕТ
ОБЩЕСТВЕННО - ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

2013 жылдан бастап шығады ● Апта сайын жарық көреді ● E-mail: syr.tabigaty@gmail.com ● www.syrtabigaty.kz

12+ №2(527)

21 қаңтар января January 2026

Сәрсенбі • Среда • Wednesday


## БАЛЫҚ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА СУ ЖАНУАРЛАРЫ ДЕРИВАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ БЕКІТІЛДІ



Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен балық ресурстары және басқа да су жануарлары дериваттарының тізбесі бекітілді.

14 қаңтардан күшіне енген құжатқа сәйкес, балық ресурстары және басқа да су жануарлары дериваттарының тізбесіне мыналар кіреді:

- Уылдырық;
- Балық ресурстары және басқа да су жануарларының қаны;
- Балықтың шоғалы (гонадалары);
- Су жануарларының цисталары (жұмыртқалары);
- Қабыршық;
- Балықтардың және басқа су жануарларының ішкі органдары;
- Май (балық және басқа су жануарлары);
- Балық ресурстары және басқа да су жануарларының сүйектері;
- Балық ресурстары және басқа да су жануарларының терісі;
- Балық ресурстары және басқа да су жануарларының шеміршектері;
- Балық ресурстары және басқа да су жануарларының желбезектері.

**М.Жиембай, inform.kz материалдар бойынша, фото:С.Жексенбеков/ Kazinform.**

## КАЗАХСТАН РАТИФИЦИРУЕТ ИЗМЕНЕНИЯ В СОГЛАШЕНИЕ ЕАЭС О КОНТРОЛЕ ЗА ПРОДУКЦИЕЙ



В Казахстане планируется ратификация Протокола о внесении изменений в Соглашение о принципах и подходах осуществления государственного контроля (надзора) за соблюдением требований технических регламентов ЕАЭС, сообщил вице-министр торговли и интеграции РК Айдар Абилдабеков, передает корреспондент агентства Kazinform.

Соглашение было принято в целях гармонизации законодательства государств - членов ЕАЭС и предусматривает функционирование системы информирования об опасной продукции для обеспечения безопасности товаров, обращаемых на территории Союза.

- В целях устранения существующих противоречий в праве ЕАЭС и национальном законодательстве, а также снижения возможных репутационных рисков для предпринимателей 8 мая 2024 года в городе Москве был подписан Протокол о внесении изменений в Соглашение, - отметил Айдар Абилдабеков.

Вместе с тем, в нормативных правовых актах ЕАЭС и национальном законодательстве отсутствует определение термина «опасная продукция», что создавало правовые противоречия.

Для их устранения, а также снижения возможных репутационных рисков для предпринимателей 8 мая 2024 года в Москве был подписан Протокол о внесении изменений в Соглашение.

Документом предлагается заменить по тексту Соглашения термин «опасная продукция» на формулировку «продукция, не соответствующая требованиям технических регламентов Союза».

По словам Айдара Абилдабекова, принятие соответствующего закона направлено на проведение внутригосударственных процедур, необходимых для вступления Протокола в силу в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Отмечается, что реализация положений проекта Закона не потребует дополнительных финансовых средств из республиканского бюджета.

**По материалам А.Саптаева, inform.kz, фото из открытых источников.**



ЧИТАЙТЕ НА 2-Й СТРАНИЦЕ



ЧИТАЙТЕ НА 5-Й СТРАНИЦЕ



ЧИТАЙТЕ НА 8-Й СТРАНИЦЕ

**ПРОГНОЗ ПОГОДЫ КЫЗЫЛОРДА**

Источник: gismeteo.kz

Долгосрочный прогноз погоды является ориентировочным и отражает только характер изменения погоды.

| Ср., 21 января 2026 | Чт., 22 января 2026 | Пт., 23 января 2026 | Сб., 24 января 2026 | Вс., 25 января 2026 | Пн., 26 января 2026 | Вт, 27 января 2026 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Ясно -3°C | Пасмурно, снег -7°C | Облачно -4°C | Пасмурно 0°C | Облачно +1°C | Облачно -4°C | Облачно -5°C |
| -10°C Пасмурно | -9°C Пасмурно, небольшой снег | -11°C Пасмурно | -7°C Пасмурно | -7°C Облачно | -8°C Облачно | -9°C Облачно |
| 8 м/с СВ | 5 м/с С | 4 м/с Ю | 3 м/с Ю | 2 м/с С | 2 м/с С | 2 м/с С |
| 92% влажн. | 93% влажн. | 93% влажн. | 86% влажн. | 96% влажн. | 91% влажн. | 87% влажн. |
| 757 мм рт.ст. | 755 мм рт.ст. | 757 мм рт.ст. | 755 мм рт.ст. | 758 мм рт.ст. | 758 мм рт.ст. | 759 мм рт.ст. |

# ХАЛЫҚТЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ САЛАМАТТЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДА БАҚЫЛАУ МАҚСАТЫНДА САТЫП АЛУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне сәйкес өнімдерді бақылау мақсатында сатып алу жүзеге асыру Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасы қызметінің басымды бағыттарының бірі болып табылады. 2025 жылы бақылау мақсатында сатып алу барысында барлығы 401 өнім үлгілері сатып алынды, оның ішінде отандық өнімдер 6 пайызын құраса, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерде өндірілген өнімдер 53,6 пайызын, өзге елдерде өндірілген өнімдер 40,4 пайызын құрады.  Бақылау мақсатында сатып алынған өнімдердің басым үлесі тамақ өнімдері болып табылды: тамақ өнімдері - 241 үлгі: сүт және сүт өнімдері - 43, ет және ет өнімдері - 17, құс еті және оның өнімдері - 15, балық және балық өнімдері - 17, кондитерлік өнімдер - 34, ұн, макарон, жарма өнімдері - 31, алкогольсіз сусындар - 17, арнайыландырылған тағам өнімдері - 16, оның ішінде балалар тағамы - 15, биологиялық белсенді қоспалар - 8, шырын  - 7, көкөністер мен жеміс-жидектер өнімдері - 3, май өнімдері - 7, бөтелгедегі минералды ауыз су - 6, алкоголь өнімі – 6, өзге тамақ өнімдері - 14.

Тамақ емес өнімдер -  160 үлгі: балалар мен жасөспірімдерге арналған бұйымдар  - 41, оның ішінде ойыншықтар - 18, жеңіл өнеркәсіп бұйымдары  (балалар мен жасөспірімдерге арналған) - 27, жеке гигиена заттары - 31, тұрмыстық химия заттары - 13, парфюмерлік-косметикалық бұйымдар - 17, тағам өнімімен жанасатындар - 16, баспа бұйымдары - 4, сырлау-бояу заттары - 3, құрылыс материалдары - 2, жеке қорғаныш заттары - 5, темекі бұйымдары - 1.

Сатып алынған барлық сынамалар зертханалық зерттеулермен қамтылып, жүргізілген зертханалық сараптамалар нәтижесімен өнімдердің 33 немесе 8,2 пайызы (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерде өндірілген өнімдер - 14, өзге ел өнімдері - 16, отандық өнімдер - 3) техникалық регламенттер талаптарына сәйкес келмеген, оның ішінде: таңбалануы бойынша - 28, физико-химиялық көрсеткіштері бойынша - 7, физикалық фактор бойынша - 1, анықталған сәйкессіздіктері бойынша 16 Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына және (немесе) Бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келмейтін (сәйкес келмейтін) өнімді (тауарды) алып қою және өткізуден кері қайтарып алу туралы жедел ден қою шараларын қолдану туралы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулылары берілді. Кеден одағының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдер тізілімі http://reestr-np.kz/kaz/rus/ ресми интернет-ресурсында қол жетімді екендігін және сәйкессіздік анықталған өнімдер туралы қажетті мәлімет алуға болатындығын назарларыңызға жеткіземіз.

Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасы өнімдерді қабылдау, сақтау, тасымалдау, өткізу кезіндегі талаптардың толық сақталуына және өнімді тұтынарда аса мұқияттылық танытуға шақырады. Сәйкесінше, нысанда әрбір өнімді сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттарымен қабылдау, өнімнің затбелгісінде (этикетка) өнім және өнім өндіруші туралы тұтынушыға арналған толық ақпараттың болуын және ол ақпараттардың мемлекеттік тілде болуын қадағалау, тағам өнімдерінің сыртқы түріне, сақталу шарттары мен жарамдылық мерзімдеріне аса назар аудару қажет.

**Г.КУЛЬМАХАНОВА,**
**Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасы техникалық регламенттер талаптарының сақталуын бақылау бөлімінің басшысы.**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

«Сыбайлас жемқорлық» - ақшаға сатып алу және саяси қайраткерлерді, мемлекеттік шенеуніктерді, лауазымдық тұлғаларды сатып алу дегенді білдіреді.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Ел мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын қалыптастыру арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту болып табылады.

Әрине, сыбайлас жемқорлықпен күрес жолында оның алдын алу жұмыстарына көбірек мән берген жөн. Ол үшін жемқорлық көріністерінің белең алуына түрткі болатын факторларды анықтап, мейлінше аурудың алдын алған абзал.

**Г. ТУСМАГАНБЕТОВА,**
**Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы.**

# ХИМИЯЛЫҚ ТҰРМЫСТЫҚ ЗАТТАРМЕН УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ



Химиялық заттармен улану әртүрлі жағдайларда болуы мүмкін. Көбінесе улы әсерлері бар тұрмыстық химиямен (кір жууға, тазалауға, ыдыс жууға және т.б.) немесе тыңайтқыштармен - абайсыз жұмыс істегенде, сондай-ақ өндірісте қолданылатын дәрілік заттардан, бояулардан және химиялық қосылыстардан болады. Химиялық уланудың пайда болуы бұл заттың түріне және оның ағзаға қалай енгеніне байланысты.

Мұндай бірнеше жолдар бар: тыныс алу, өңеш, тері және шырышты қабаттар.

**Тыныс алу жолдары арқылы химиялық булармен улану.**

Уытты заттармен тыныс алғанда, ең алдымен, жоғарғы тыныс жолдары зардап шегеді және келесі белгілер пайда болады: ентігу және тыныс алудың қиындауы, жөтел, жедел респираторлық жеткіліксіздік - тыныс алудың баяулауы немесе тоқтауы, жоғарғы тыныс жолдарының химиялық күйіктері, терінің айқын бозаруы немесе көкшіл реңктері, көздің шырышты қабығының құрғақтығы, бағдардың бұзылуы, галлюцинациялар, сананың жоғалуы, жүрек соғу жиілігінің, жұмыс ырғағының өзгеруі (жүрек соғуының баяулауы немесе жылдамдауы).

**Өңеш арқылы химиялық улану.**

Улы химикаттарды жұтқанда зақымдануы химиялық заттардың табиғатына байланысты: сілтілер мен қышқылдар химиялық күйік тудырады, басқа қосылыстар асқазан мен ішекте сіңіп, қанға түскен кезде улы әсерлерін бастайды. Бұл жағдайларда келесі белгілер байқалады: тамақ пен асқазанның қатты ауыруы, ауыздың, көмейдің, өңештің, асқазанның және ішектің шырышты қабатының химиялық күйіктері, жүрек айну, құсу, оның ішінде асқазанда ішкі қан кетумен қара құсу немесе ішек, ас қорыту және диарея, ішкі қан кетуге байланысты қара түсті нәжіс, құсу және диарея кезінде сұйықтықтың жоғалуына байланысты сусыздандыру.

**Теріге немесе шырышты қабаттарға химиялық заттармен улану.**

Улар теріге түскенде, зақымдану сипаты химиялық заттардың табиғатына да байланысты: сілтілер мен қышқылдар күйік қалдырады, өте улы зақымдайтын заттар сіңіп, тері арқылы қанға еніп, ішкі мүшелердің жұмысына тікелей әсер етеді. Бұл жағдайларда келесі белгілер байқалады: тамақ пен асқазанның қатты ауыруы, ауыздың, көмейдің, өңештің, асқазанның және ішектің шырышты қабатының химиялық күйіктері, жүрек айну, құсу, оның ішінде асқазанда ішкі қан кетумен қара құсу немесе ішек, ас қорыту және диарея, ішкі қан кетуге байланысты қара түсті нәжіс, құсу және диарея кезінде сұйықтықтың жоғалуына байланысты сусыздандыру. Химиялық улануға күдіктенсеңіз дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

**Химиялық уланудың алдын алу шаралары.**

Ықтимал қауіпті заттарды, дәрі-дәрмектерді, тұрмыстық химияны және т.б. сақтау, пайдалану және тасымалдау кезінде сақтық шараларын сақтаңыз.

Балалардың мұндай заттарға қол жеткізу мүмкіндігін болдырмаңыз, алғашқы медициналық көмек қобдишаларын, тазалау және тазалау құралдарын, сірке суын, алкогольді, бензинді және т.б. қауіпсіз, толығымен жабық жерлерде сақтаңыз;

Ешқашан балалар қателесіп ішуі мүмкін қауіпті сұйық заттарды сусын бөтелкелеріне құймаңыз.

Қауіпті заттармен жұмыс істеу немесе дәрі-дәрмектерді қабылдау алдында нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз және барлық ұсыныстарды елемей орындаңыз.

**Г. ТУСМАГАНБЕТОВА,**
**Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы**
**ашық көздерден алынған фотосурет.**

# БЖЗҚ ШЕТЕЛДІК ӘРІПТЕСТЕРІМЕН ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУЫН ЖАЛҒАСТЫРУДА

2025 жылғы 9-10 желтоқсан күндері Қазақстан Республикасының Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗҚ) мамандары Өзбекстан Республикасы Экономика және қаржы министрлігі жанындағы Бюджеттен тыс зейнетақы қорының қызметкерлері үшін онлайн-семинар өткізді. Іс-шараның негізгі мақсаты Қазақстанның зейнетақы жүйесімен және оның даму бағыттарымен таныстыру болды.

Онлайн-семинар барысында БЖЗҚ өкілдері Қордың қызметі туралы жан-жақты ақпарат ұсынып, жинақтаушы зейнетақы жүйесін енгізудің алғышарттары мен оның қазіргі жағдайына, Қордың актуарлық қызметіне, зейнетақы қызметтерін көрсету форматтарына және зейнетақыны жоспарлау мәдениетін дамыту мәселелеріне арналған презентациялар жасады. Сонымен қатар жеке зейнетақы шоттарын әкімшілендіру, БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің түрлері, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбек мигранттарын зейнетақымен қамтамасыз ету туралы Келісім аясындағы төлемдер, зейнетақы жинақтарын инвестициялау, негізгі автоматтандырылған ақпараттық жүйелер, деректерді басқару тәсілдері мен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстанның зейнетақы жүйесіндегі цифрлық қызметтерді енгізу мәселелері қарастырылды.

Өзбекстандық мамандар өз еліндегі зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі, соның ішінде процестерді цифрландыру жұмыстары мен аумақтық бөлімшелерді кезең-кезеңімен қысқарту жоспарлары туралы баяндап өтті. Сондай-ақ олар қазақстандық әріптестерінен алған білімнің практикалық маңыздылығын атап өтіп, бұл тәжірибе алдағы уақытта қызметкерлердің кәсіби даярлық деңгейін арттыруға ықпал ететінін және ұлттық зейнетақы моделін одан әрі жетілдіру барысында қолданылуы мүмкін екенін жеткізді.

Тәжірибе алмасу әлеуметтік қорғау жүйесін анағұрлым тиімді әрі орнықты ету жолындағы маңызды қадам екені атап өтілді. Зейнетақы жүйесін реформалау саласындағы бірлескен жұмыстар екі елге де азаматтарының өмір сүру сапасын жақсартуға ғана емес, мемлекеттік институттарға деген сенімді арттыруға мүмкіндік береді.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.**

# КОНЦЕПЦИЮ УПРАВЛЕНИЯ ОТХОДАМИ ДО 2030 ГОДА ПРИНЯЛИ В КАЗАХСТАНЕ




Правительство Казахстана утвердило Концепцию управления всеми видами отходов на 2026-2030 годы. Соответствующее постановление подписал Премьер-министр, передает корреспондент агентства Kazinform.

Документ определяет основные подходы к переходу страны к экологически устойчивой и ресурсосберегающей модели экономики.

Разработка Концепции обусловлена системными проблемами в сфере обращения с отходами. Среди них - низкий уровень переработки, недостаточная инфраструктура, преобладание захоронения отходов, рост объемов промышленных и опасных отходов, а также слабая координация между ведомствами и регионами.

Реализация Концепции должна создать условия для развития перерабатывающей инфраструктуры, снижения нагрузки на полигоны и вовлечения вторичных ресурсов в экономику, цифровизация процессов и усиление участия бизнеса.

Документ разработан в рамках Стратегии «Казахстан-2050», Концепции перехода к «зеленой экономике», Национального плана развития до 2029 года, Стратегии углеродной нейтральности до 2060 года, а также с учетом международных обязательств Казахстана по целям устойчивого развития ООН.

Контроль за исполнением постановления возложен на Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан.

**По материалам А.Абубакир, inform.kz, фото: акимат Алматы.**

# ТҰМАУ ЖӘНЕ ЖРВИ



Тұмау - бұл барлық жастағы адамдар мен балаларға әсер ететін вирустық инфекция. Тұмау эпидемиялары жыл сайын, әдетте суық мезгілде болады. Дүние жүзінде тұмау және жіті респираторлық вирустық инфекциялар ауруының саны бойынша бірінші орында тұр, олардың жұқпалы аурулар құрылымындағы үлесі 95%-ға жетеді. Тұмау және ЖРВИ денсаулықты бірте-бірте әлсіретіп, адамның орташа өмір сүру ұзақтығын бірнеше жылға қысқартады. Тұмаудың ауыр жағдайында жүрек-қантамыр жүйесі, тыныс алу мүшелері, орталық жүйке жүйесінің қайтымсыз зақымдануы жиі кездеседі, бұл жүрек және қан тамырлары ауруларына, пневмонияға, трахеобронхитке және менингоэнцефалитке әкеледі. Тұмауға ең көп шалдығатындар созылмалы аурулардан зардап шегетін халықтың егде топтарының арасында кездеседі.

Тұмау вирусы өте оңай беріледі:

Ең көп тараған жұғу жолы - ауа тамшылары арқылы;

Тұрмыстық жұқтыру, мысалы, тұрмыстық заттар арқылы да берілуі мүмкін.

Жөтелгенде, түшкіргенде немесе сөйлескенде науқастың немесе вирус тасымалдаушының мұрын-жұтқыншақтарынан патогенді микрофлорасы бар сілекей және қақырық бөлшектері, соның ішінде тұмау вирустары бөлінеді. Науқастың айналасында аэрозоль бөлшектерінің максималды концентрациясы бар жұқтырған аймақ пайда болады. Олардың дисперсия диапазоны әдетте 2 - 3 м-ден аспайды. Жеке гигиенаны сақтай отырып, тыныс алу жолдарының инфекциясын тудыратын патогендердің таралуын болдырмауға болады.

**Тұмау белгілері мен себептері:**

Тұмау күтпеген жерден келіп, санаулы сағаттардың ішінде денеңізге толығымен таралады;

Тұмау температураның күрт көтерілуімен (кейбір жағдайларда 40,5 градусқа дейін), жарыққа сезімталдықтың жоғарылауымен, бүкіл дененің ауырсынуымен, сондай-ақ, бас және бұлшықет ауырсынуымен сипатталады;

Тұмаудың бірінші күні мұрыннан су ағу болады, бұл тек осы вирусқа тән;

Тұмаудың ең белсенді кезеңі аурудың үшінші-бесінші күні, ал соңғы сауығуы 8-10-шы күні болады.

Барлығымыз өз денсаулығымызды және айналамыздағы адамдардың денсаулығын ойлауымыз керек.

**Алдын - алу шаралары:**

Науқас болып көрінетін немесе дене қызуы және жөтелі бар адамдармен жақын араласудан аулақ болыңыз;

Адамдар көп жиналатын жерлерден аулақ болыңыз;

Ауыз бен мұрынды ұстамаңыз;

Қол гигиенасын сақтаңыз - қолыңызды сабынмен немесе бактерияға қарсы құралдармен жиі жуыңыз, әсіресе ауыз бен мұрынды ұстаған кезде.

Тұрғын үй-жайларға таза ауа ағынын көбейтіңіз, терезелерді мүмкіндігінше жиі ашыңыз.

Ауру адаммен байланыста болған кезде бетперде қолданыңыз.

Салауатты өмір салтын ұстаныңыз, соның ішінде жеткілікті деңгейде ұйықтаңыз, құнарлы тағамдарды тұтыныңыз және физикалық белсенділікті арттырыңыз.

Халықты профилактикалық иммундау (вакцинация) - тұмаудың ең тиімді профилактикасы болып табылады. Өз кезегінде, вакцинациядан бас тартудың негізгі қауіпі - ауру адаммен байланыс арқылы тұмауды жұқтыру мүмкіндігі. Сонымен қатар, вакцинацияланбаған адам басқаларға ықтимал қауіпті, өйткені ол жұқпалы аурудың тасымалдаушысы болып табылады.

**Г.ТУСМАГАНБЕТОВА,**
**Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы,**
**ашық көздерден алынған фотосурет.**

# СІБІР ЖАРАСЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



Сібір жарасы (түйнеме) - адам мен жануарларға ортақ аса қауіпті жұқпалы ауру. Ауруды Bacillus anthracis атты спора түзетін бактерия қоздырады. Бұл бактерия сыртқы ортада (топырақта) ондаған жылдар бойы сақтала алады.

**Қоздырғышының ерекшелігі:**

- Спора түзеді, өте төзімді;
- Қайнатуға, суыққа, құрғақшылыққа шыдамды;
- Топырақта ұзақ уақыт сақталады;

**Жұғу жолдары:**

Сібір жарасы адамға көбінесе жануарлардан жұғады:

- Ауру немесе өлген малмен тікелей жанасқанда;
- Теріні сыпырғанда, мал сойғанда;
- Жүн, тері, ет өнімдері арқылы;
- Теріде жара, сызат болғанда;
- Сирек жағдайда - ауа-тамшы жолымен (өндірістік жағдайда).

Адамнан адамға жұқпайды.

**Аурудың түрлері:** Сібір жарасы клиникалық белгілеріне қарай 3 түрге бөлінеді:

**1. Тері түрі (ең жиі кездеседі):**

- Алдымен қышыма дақ пайда болады
- Кейін көпіршікке айналады
- Орнында қара түсті жара («қара күйе») түзіледі
- Ауырсыну аз, бірақ улану белгілері болады

**2. Өкпелік түрі (өте қауіпті):**

Қызба; Демігу; Кеуде ауыруы; Қан түкіру; Өлім қаупі өте жоғары.

**3. Ішектік түрі:**

Іштің қатты ауыруы; Құсу, қан аралас іш өту; Дене қызуының көтерілуі.

**Белгілері:**

Дене қызуының күрт көтерілуі; Әлсіздік, бас ауруы; Улану белгілері; Аймақтық лимфа түйіндерінің ұлғаюы.

**Диагностикасы:**

Клиникалық белгілер: Қан, жара сұйықтығын зерттеу; Арнайы зертханалық талдаулар; Эпидемиологиялық мәліметтерді ескеру.

**Емі**. Сібір жарасы - жедел медициналық көмек талап ететін ауру: Антибиотиктермен қарқынды ем; Науқасты міндетті түрде оқшаулау; Өзін-өзі емдеуге болмайды.

**Алдын алу шаралары:**

Малдарды уақытылы вакцинациялау; Өлген малды арнайы тәртіппен жою; Мал өнімдерін тексерусіз қолданбау; Қорғаныш киімдерін пайдалану; Қауіпті аймақтарда санитарлық бақылау.

**Қорытынды.** Сібір жарасы - аса қауіпті инфекция. Ерте анықталып, дер кезінде ем жүргізілсе, өмірді сақтап қалуға болады. Сондықтан ветеринарлық және санитарлық талаптарды қатаң сақтау өте маңызды.

**Г.АЙМБЕТОВА,**
**Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқарма басшысы,**
**ашық көздерден алынған фотосурет.**

# РЕДКИЙ СТЕПНОЙ КОТ ПОПАЛ НА ВИДЕО В ЧАРЫНСКОМ КАНЬОНЕ

Сотрудники Чарынского государственного национального природного парка, пересматривая записи с фотоловушек, обнаружили интересного гостя, передает Kazinform.

Как оказалось, в округе Чарынского каньона в Алматинской области прогулялся редкий вид кота - Felis lybica ornata.



Не стоит путать данный вид кота с его одомашненными сородичами. В отличие от котов, живущих с людьми, степной кот Felis lybica ornata очень осторожен, не показывается на глаза людям, ведет одиночный образ жизни и в основном активен в ночное время.

- Степной кот обитает в степных, полупустынных и предгорных районах. Основу его рациона составляют мелкие грызуны, птицы, иногда насекомые. Окрас обычно сероватый или желтоватый, на спине заметны темные полосы и пятна, хвост длинный, с черными кольцеобразными отметинами на конце, - рассказали в Чарынском государственном национальном природном парке.

Отмечено, что данные, полученные с помощью фотоловушек, позволяют более эффективно планировать меры по охране редких животных.

**По материалам А.Ахметова, inform.kz,**
**фото: Чарынский государственный национальный природный парк.**

# ЕНПФ ПРЕДСТАВЛЯЕТ РЕЗУЛЬТАТЫ СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ, ПРОВЕДЕННОГО В 2025 ГОДУ

Финансовая грамотность казахстанцев в сфере пенсионного обеспечения продолжает расти: всё больше граждан понимают, как устроена пенсионная система и какие возможности она предоставляет. Это подтверждают результаты ежегодного независимого социологического исследования, проведённого в 2025 году. Целью опроса стало определение уровня финансовой грамотности населения Казахстана в сфере пенсионного обеспечения, степени доверия к пенсионной системе и оценки вовлечённости граждан в накопительную модель.

Оценка уровня финансовой грамотности населения Казахстана в сфере пенсионного обеспечения проведена с учетом гендерных, возрастных, территориальных и статусных характеристик респондентов.

Исследование проведено методом общенационального репрезентативного опроса. В выборку вошли 3000 респондентов из всех регионов Казахстана, включая 17 областей и 3 города республиканского значения (Астана, Алматы, Шымкент). Анкетирование проводилось среди взрослого населения (18+), проживающего в сельской и городской местности. Всего опрошено 1 473 мужчины и 1 527 женщин. Распределение по социальному статусу выглядит следующим образом: наёмные работники 2031 (67,70%), самозанятые - 831 (27,70%) и безработные 138 (4,60%). Основной блок анкеты исследования состоит из 26 вопросов, направленных на выявление финансовой грамотности населения Казахстана в сфере пенсионного обеспечения, а также определение степени доверия к пенсионной системе Казахстана и АО «ЕНПФ» (ЕНПФ, Фонд), выявление уровня доступности, информированности и восприятия информации населением о деятельности Фонда.

Исследование позволило определить принадлежность граждан к группам базового и продвинутого уровней финансовой грамотности.

**Базовый уровень.**

Вопросы базового уровня финансовой грамотности направлены на определение знаний об ответственности за пенсионное обеспечение, структуре казахстанской пенсионной системы, видах, размере и источниках пенсионных выплат, функциях Фонда, официальном возрасте выхода на пенсию в Республике Казахстан. Результат опроса респондентов на данном уровне финансовой грамотности составил 74,2% (в прошлом году - 73,8%).

В части анкетирования, касающейся видов пенсионных выплат, существующих в нашей стране, 1748 респондентов (58,3%) осведомлены, что в стране существуют два вида пенсионных выплат: из государственного бюджета (базовая и солидарная пенсии) и выплаты из ЕНПФ за счёт накоплений, сформированных из обязательных и добровольных взносов. Данный показатель свидетельствует о достаточно высоком уровне информированности о ключевых элементах пенсионной архитектуры и понимании населением смешанного характера пенсионной модели. На вопрос: «Чем занимается ЕНПФ?» 1491 респондент (49,7%) правильно указали, что ЕНПФ занимается сбором обязательных и добровольных пенсионных взносов, ведением учёта пенсионных накоплений, а также осуществлением пенсионных выплат за счет пенсионных накоплений.

Ответы на вопрос: «Какие виды пенсионных взносов в ЕНПФ Вы знаете?» продемонстрировали, что население в целом хорошо ориентируется в основных видах пенсионных взносов (наиболее узнаваемым видом стали обязательные пенсионные взносы (ОПВ), который знают 90,1% респондентов). 2 413 респондентов (80,4%) верно указали размер ОПВ - 10% от дохода. Доля респондентов, осведомленная о наличии ОПВР, составила 25,6%, ОППВ, уплачиваемых работодателем в пользу работников, занятых во вредных условиях труда, - 21,2%. Достаточно высокая доля респондентов (43,2%) знает о возможности ДПВ, что свидетельствует о растущем интересе населения к долгосрочному финансовому планированию и самостоятельному формированию пенсионного капитала.

На вопрос: «Какой в Казахстане пенсионный возраст?» 2523 респондента (84,1%) правильно указали, что в стране действует дифференцированный возраст выхода на пенсию: 63 года для мужчин и 61 год в 2025 году для женщин. Это отражает хорошее понимание текущей пенсионной политики и тех изменений, которые происходили в последние годы в отношении пенсионного возраста женщин.

Отметим, что статус занятости оказывает заметное влияние на точность знаний о пенсионном возрасте в Казахстане. Наемные работники - наиболее информированная группа (84,9%). Это объясняется тем, что они систематически взаимодействуют с работодателями, бухгалтерией и чаще получают официальную информацию. Самозанятые информированы хуже, чем наемные работники, но лучше безработных (82,8%). Возможная причина - нерегулярный контакт с финансовыми структурами и отсутствие работодателя как источника информации. Безработные являются группой с наибольшим числом ошибок: правильный ответ - 79,7%.

На вопрос: «Как узнать о состоянии своего индивидуального пенсионного счета?» 2959 респондентов (98,6%) ответили верно: узнать данную информацию можно посредством личного обращения в ЕНПФ, выписки на почтовый адрес, электронный адрес, в личном кабинете на сайте ЕНПФ, мобильном приложении ЕНПФ, на портале электронного правительства www.egov.kz, в ЦОНе.

**Продвинутый уровень.**

Для определения продвинутого уровня финансовой грамотности респондентам были предложены вопросы, требующие расширенных знаний, включая понимание принципов инвестирования пенсионных активов, порядка расчёта пенсионных выплат, механизма пенсионного аннуитета, особенностей налогообложения в накопительной пенсионной системе, а также государственной гарантии сохранности пенсионных накоплений. По итогам опроса общий коэффициент продвинутого уровня составил 45,3% (в прошлом году - 45,2%).

На вопрос: «Кто осуществляет инвестирование пенсионных активов для получения инвестиционного дохода?» 1745 опрошенных (58,2%) ответили верно, указав Национальный банк Республики Казахстан (НБРК) и/или управляющих инвестиционным портфелем (УИП) по выбору вкладчика. При этом почти треть опрошенных (34,1%) указали в качестве доверительных управляющих НБРК и УИП. Этот показатель демонстрирует хороший уровень осведомленности, но недостаточный для полноценного понимания принципов управления пенсионными средствами. 14,3% респондентов отметили только НБРК, тогда как 9,8% указали лишь УИП.

Отметим, что существует устойчивое заблуждение, что пенсионными накоплениями управляет «сам ЕНПФ» - так считают 35,6% опрошенных, хотя это неверно. Причем этот пробел носит системный характер: даже среди людей с высшим образованием доля ошибочных ответов высока (до 40% упоминают ЕНПФ как инвестора).

На вопрос: «Как начисляется инвестиционный доход на пенсионные накопления?» 750 респондентов (25,0%) верно полагают, что размер инвестиционного дохода варьируется в зависимости от рыночной конъюнктуры и стоимости активов.

В области знаний о том, что пенсионные накопления инвестируются в различные финансовые инструменты и приумножаются за счет инвестиционного дохода, 56,1% респондентов (1682 человека) продемонстрировали понимание этого процесса: они осведомлены о том, что пенсионные накопления не просто хранятся на счетах, а инвестируются и приносят доход. При этом 45,6% знают об инвестировании, а 10,5% регулярно отслеживают его результаты.

В рамках опроса респондентов по поводу условий изъятия пенсионных накоплений был предложен ряд распространенных утверждений о правилах использования пенсионных накоплений, среди которых необходимо было выбрать одно неверное. Это позволило оценить уровень осведомленности населения о том, как работают пенсионные выплаты, условиях их получения. 1845 респондентов (61,5%) в качестве «неверного» утверждения выбрали фразу: «Забрать свои пенсионные накопления из ЕНПФ можно в любом возрасте». Это действительно неправильное утверждение, поскольку по законодательству Казахстана пенсионные накопления можно изъять только при наступлении определенных условий.

На вопрос «Кто имеет право на перевод пенсионных накоплений в страховую организацию для приобретения пенсионного аннуитета?» 869 респондентов (29,0%) ответили верно: такое право имеют вкладчики по достижении 45-летного возраста при достаточности пенсионных накоплений.

На вопрос «Облагаются ли пенсионные выплаты из ЕНПФ налогом?» 1141 респондент (38,0%) ответил верно, отметив, что в настоящее время пенсионные выплаты из ЕНПФ облагаются индивидуальным подоходным налогом (ИПН), но с 1 января 2026 года они не будут облагаться ИПН. Совокупно 56% респондентов убеждены, что выплаты облагаются тем или иным налогом, однако мнение о конкретном виде налога крайне неоднородно. Такая диспропорция восприятия отражает отсутствие четкого понимания налоговой политики в отношении пенсионных выплат.

На вопрос: «Какие вы знаете гарантии государства по сохранности пенсионных накоплений? 1485 респондентов (49,5%) опрошенных ответили верно, указав, что государственная гарантия распространяется только на обязательные виды пенсионных взносов. Этот вопрос позволил определить, насколько население различает обязательные и добровольные взносы и понимает механизмы государственной защиты пенсионных накоплений.

Таким образом, в 2025 году базовый и продвинутый уровни финансовой грамотности. населения Казахстана в сфере пенсионного обеспечения демонстрируют устойчивый рост по сравнению с двумя предыдущими годами. Большинство граждан Казахстана в 2025 году рассматривают собственные пенсионные накопления в ЕНПФ как главный источник дохода на пенсии. Вовлеченность населения в пенсионную систему существенно повысилась: доля граждан, когда-либо делавших взносы в ЕНПФ выросла с 42,7% в 2021 году до 78,7% в 2025-м. Этот факт отражает сокращение теневой занятости и рост охвата пенсионными программами

**Уровень доверия**

Оценка степени доверия к АО «ЕНПФ», как и уровня финансовой грамотности, проводилась в разрезе пола, возраста, места проживания и социального статуса респондентов. Как продемонстрировало исследование, средний показатель уровня доверия населения к пенсионной системе Республики Казахстан сложился на уровне 5,92 баллов. Опрос, направленный на определение среднего уровня доверия респондентов к ЕНПФ, показал, что он составляет 6,04 баллов.

Уровень доверия к пенсионной системе и ЕНПФ сохраняется на умеренно-положительном уровне. Абсолютное большинство граждан занимает нейтрально-позитивную или осторожно-доверительную позицию: не проявляя резкого недоверия, но и не выражая полного доверия пенсионным институтам.

**Доступность и восприятие информации населением.**

Оценка доступности информации о деятельности ЕНПФ показывает, что для большинства граждан необходимые сведения воспринимаются как достаточно открытые и легко находимые. Так, 57,3% респондентов считают, что основная информация находится в свободном доступе и не вызывает трудностей при поиске. Это свидетельствует о том, что официальные каналы коммуникации - сайт Фонда, мобильное приложение, колл-центр и социальные сети выполняют свою функцию и обеспечивают прозрачность деятельности.

Оценка понятности материалов ЕНПФ населением в целом схожа с оценкой доступности. Чуть более половины опрошенных (57,3%) считают, что информация Фонда изложена понятно и доступно.

Особое значение для формирования восприятия ЕНПФ имеет медиасреда, через которую население получает актуальную информацию. Данные показывают, что медиапрофиль страны стремительно смещен в сторону цифровых платформ. 49,1% респондентов получают новости через социальные сети, что делает их главным каналом коммуникации. Наиболее популярны Instagram (32,3%), Facebook (13,6%), WhatsApp (11,9%) и Telegram (10,9%). TikTok (9,3%) и YouTube (6%) дополняют медиакартину, формируя визуальное поле восприятия. Телевидение, хоть и остается значимым источником для 29,4% населения, уже уступает соцсетям по влиянию, а сайты (13,7%), радио (5,6%) и газеты (2,2%) занимают периферийное положение. Это означает, что традиционные форматы коммуникации по пенсионной теме постепенно теряют эффективность, уступая место мобильным, визуальным и интерактивным каналам.

Полученные данные подчеркивают необходимость дальнейшей популяризации пенсионной грамотности, повышения доступности информационных материалов и расширения цифровых возможностей для населения.

ЕНПФ продолжит осуществлять системную информационно-разъяснительную работу, расширение цифровых решений, чтобы обеспечить населению доступ к актуальной, понятной и надёжной информации о пенсионных накоплениях. Полный текст отчета по результатам социсследования размещен на сайте ЕНПФ.

**Пресс-центр АО «ЕНПФ».**

# БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ БІЛІМ БЕРУ, ТӘРБИЕЛЕУ ОРЫНДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР

Білім беру ұйымдары мен мектепке дейінгі ұйымдарында санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы барысында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдесіндегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын басшылыққа алып жұмыс жүргізеді (бұдан әрі - Санитариялық қағидалар).

Білім беру ұйымдарының санитариялық қағидалардың жалпы ережесі мен ұғымдарында төмендегідей талаптардың сақталуы қамтылады:

-Арнайы білім беру ұйымдары, орта білім беру ұйымы, бракераж, білім беру ұйымдары, білім берудің оқу-сауықтыру ұйымы, дене шынықтыру, жазу құралдары, жалпы білім беретін мектеп, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары, жеке медициналық кітапша, жиынтық оқу жүктемесі, интернат ұйымдары, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары, лицей, мамандандырылған білім беру ұйымы, мектеп алды сыныптары (0), мектептен тыс қосымша білім беру ұйымы, оқу-әдістемелік кешен, оқу жүктемесі, оқу сағаты,



оңтайлы микроклиматтық жағдай, өндірістік бақылау, рекреация, санитариялық-аулалық қондырғылар, санитариялық арнайы киім, септик, спорт объектілері,сыныптардың (топтардың) толықтырылуы, ұтымды тамақтану, халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары, халықаралық мектеп, шағын жинақталған мектеп. Санитариялық қағида 10 тараудан, 3-параграфтан, 223 тармақтан, 12-қосымшадан тұрады.

Мектепке дейінгі ұйымдарының санитариялық қағидалардың жалпы ережесі мен ұғымдарында төмендегідей талаптардың сақталуы қамтылады:

-Арнайы санитариялық киім, балалардың ойын алаңы, балалар толық емес болатын МДҰ, бракераж, дене тәрбиесі, жеке медициналық кітапша, изолятор, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, мектепке дейінгі ұйымдар, оңтайлы микроклиматтық жағдайлар, санитариялық-аулалық қондырғылар, санитариялық қорғаныш аймағы, сәбилер үйі, септик, технологиялық жабдық, технологиялық карта, топтық үй-жайлар, тиімді тамақтандыру, топтық оқшаулау, топтардың толықтырылуы. Санитариялық қағида 11 тараудан, 147 тармақтан, 12-қосымшадан тұрады.

Білім беру ұйымдары мен мектепке дейінгі ұйымдардың санитариялық қағидаларындағы басты қамтылған талаптары жалпы ережелері, объектінің салынатын жер учаскесін таңдауға, жобалауға, пайдалануға, реконструкциялауға, сумен жабдықтауға, су бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге, ауаны баптауға, объектілердің үй-жайларын жөндеуге және күтіп-ұстауға, оқыту және өндірістік практика жағдайларына, объектілерде тұру жағдайларына, объектілердегі тамақтандыру жағдайларына, өндірістік бақылауға, персоналдың еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына, объектілерде медициналық қамтамасыз етуге, шектеу іс-шаралары оның ішінде білім беру ұйымдарына және мектепке дейінгі балалар ұйымдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар болып табылады.

**Г.С.АЙЫМБЕТОВА,**
**Жалағаш аудандық СЭББ басшысы,**
**ашық көздерден алынған фотосурет.**

# СКОЛИОЗ



**СКОЛИОЗ** дегеніміз (латынша scoliōsis - қисық, қисайған) - омыртқаның бір бүйірге қарай қисаюы. Сколиоздың туылғаннан болатын және жүре пайда болатын түрлері бар. Жүре пайда болатын сколиоздың себебіне қарай рахиттік, статик., неврогендік және үйреншікті (идиопатик.) түрлері болады. Рахиттік сколиоз негізінен рахит ауруына шалдыққан балаларда кездеседі. Мұндай балалардың сүйектерінің жұмсару себебі олардың ерте отырып, жұмсақ төсекте жатуына байланысты болады. Статикалық сколиоз омыртқаға түсетін күштің бірқалыпты болмауынан дамиды. (мысалы, скрипкашылар, тігіншілер, т.б.). Неврогендік сколиоз полиомиелитпен ауырған балаларда кездеседі. Үйреншікті сколиоз арқа, жауырын, бұлшық еттерінің қалыпты дамымауынан болады. Омыртқа бойында орналасқан бұлшық еттердің әлсіз болуы омыртқаға түскен әр түрлі күштердің әсерінен омыртқаның біртіндеп бір бүйірге қарай қисаюына әкеледі. Бұл мектеп жасындағы балаларда жиі кездеседі. Сондай-ақ сколиоздың бөлшектенген (омыртқаның тек бір бөлегінің қисаюы); тұтас (омыртқаның толықтай қисаюы); сыртқы пішініне қарай: біржақты және S тәрізді түрлері ажыратылады. Сколиозды емдемес бұрын сколиоздың түрі мен омыртқаның қисаю дәрежесі; ауру адамның жасы мен оның қосымша сырқаттары; диагноздың қойылу мерзімі, т.б. жағдайлар мұқият ескеріледі.

**БЕЛГІЛЕРІ.** Дамудың бастапқы кезеңінде ауруды тек сыртқы белгілері бойынша анықтауға болады, ол ешқандай белгілерді көрсетпейді. Егер ата-аналар баланың бір иығы төмен тұрған кезде байқаса, онда сіз дереу маманға жазылуыңыз керек. Сондай-ақ, сыртқы белгілерге келесі белгілер жатады: бел мен қол арасындағы қашықтық; иық пышақтарының асимметриялық орналасуы; алға еңкейген кезде омыртқаның қисаюы байқалады. Сколиоз сол және оң жақ болуы мүмкін. Рентгендік көрсеткіштер мен клиникалық белгілерге негізделеді, соның негізінде аурудың дамуының төрт дәрежесін ажыратуға болады: 1 дәрежелі сколиоз 10 қисықтық бұрышына ие, белгілері: әртүрлі биіктіктегі иықтар, бел асимметриялы, еңкейген; 2 дәрежелі сколиоз-11-25 қисықтық бұрышы, белгілері: жамбастың жартысы қисық, бел аймағында бұлшықет ролигі пайда болады, кеуде аймағында-дөңес; 3 дәрежелі сколиоз-қисықтық бұрышы 26-50, белгілері: іш бұлшықеттерінің әлсіреуі, қабырғалардың батуы, өркештің пайда болуы және алғашқы екі кезеңнің белгілері; 4 дәрежелі сколиоз-50-ден қисықтық бұрышы, белгілері: өркеш, бұлшықеттің созылуы, омыртқаның қатты деформациясы.

**ДИАГНОСТИКАСЫ.** Диагностикалауда финновациялық жабдықтармен дәрігерлер заманауи әдістерді қолданады. Ауруды диагностикалау бірнеше кезеңнен тұрады. Біріншісі-физикалық тексеру. Дәрігер науқасты бірнеше позицияда тексереді: тұру, жату, отыру. Науқас тұрған кезде дәрігер тек омыртқа мен асимметрияға назар аударып қана қоймайды, сонымен қатар аяқтың ұзындығын өлшейді, бұл көрсеткіштерде айырмашылықтар бар-жоғын түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ, маман белдің қаншалықты қозғалмалы екенін, иықтар, иық пышақтары, олардың симметриясы қандай деңгейде екенін тексереді. Тексеру барысында дәрігер кеуде қуысын, іште, белді, жамбасты тексереді. Науқас отырғанда дәрігер омыртқаның ұзындығын өлшейді, омыртқаның бүйірден қисаюы қаншалықты байқалатынын, жамбастың аяқ-қолдың әртүрлі позаларында қалай орналасқанын бақылайды. Науқас жатқан кезде маман омыртқа доғасының қисықтық деңгейін анықтайды, бұлшықеттердің қаншалықты әлсірегенін түсіну үшін іште тексереді. Диагностиканың екінші кезеңі-рентген. Егер дәрігер омыртқа сколиозын анықтаса, жылына кемінде екі рет рентген сәулесін алу керек. Бірінші рентген тұрақты күйде, содан кейін омыртқаның орташа созылуымен әртүрлі позицияларда түсіріледі, бұл жағдайды толық бағалауға және деформация деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Түсірілімнен кейін дәрігер қисықтық бұрышын анықтайды. Үшінші кезең - аспаптық. Егер ауру тез дамитын болса, рентген сәулелерін жиі жүргізу мүмкін емес, өйткені әр түсірілімде науқас сәулелену дозасын алады. Бұған жол бермеу және аурудың дамуы туралы жаңа ақпарат алу үшін клиника мамандары ультрадыбысты қолданады. Кейбір жағдайларда науқасқа МРТ тағайындалады. Клиникада жеке тәсіл қолданылады, науқастың шағымдары ескеріледі, дәрігер кеңес береді, түсініктеме береді, сұрақтарға жауап береді.

**АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ.** Дұрыс тұрақтылық денсаулық үшін өте маңызды. Бұдан басқа, жазықтары бар адамдар нәзік, жас және тартымды көрінеді. Сколиоздың дамуын болдырмау үшін келесі ұсыныстарды сақтау қажет:Әрқашан тура тұрып, екі аяғына сүйену керек. Иықтарды түзетіп, ішке салу керек. Жаяу жүргенде, мойын бір қалыпты ұсталуы керек, ал басы - сәл көтеріледі.Әдемі күйге арналған тиімді жаттығу - оның басындағы кітаппен жүру. Бастапқыда бұл ерекше және күрделі болады, өйткені кітапты ұстау үшін артыңызды туралау керек. Мұндай жаттығу күнделікті 5-10 минут бойы жасалуы керек және нәтиже жақын арада байқалады. Теледидарды екі жағында жатқанда да көрмеңіз. Мүмкін болса, жоғары аяқтармен аяқ киімнің тозуын шектеңіз. Жұмыс орнында тізе мен еденге параллель бірдей деңгейде орналасқандықтан, аяқтар еденге тиюі керек.Ұзақ уақыт бойы бір орында тұрмаңыз. Позаны жиі өзгерту қажет. Ұзарту және серуендеу үшін үзіліс жасаңыз. Йога жасаңыз. Компенсаторлық жаттығуларға уақыт беру ұсынылады: көлденең жолаққа ілініп, тізеңізді кеудеге тартыңыз. Максимум санын жасаңыз.Бұл өте тиімді «мысық» жаттығуы: барлық төрттерде тұруыңыз керек, еңкейіп, артқа бүгіңіз, содан кейін бүгіңіз. Жүзу - сколиоздың алдын алудың тағы бір тиімді жолы. Сонымен қатар, жаттығулардың мұндай түрі нәзік, ақылды тұлға және жақсы көңіл-күй береді.

**ҚОРЫТЫНДЫ.** Сіздің денсаулығыңызды қадағалаңыз, салауатты өмір салтын ұстаныңыз - содан кейін кез-келген аурулар, соның ішінде сколиоз, сізге әсер етпейді. Егер проблема әлі де болса - алғашқы белгілерде дәрігерден кеңес алыңыз.

**Г.ОМАРОВА,**
**Жаңақорған аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының жетекші маманы,**
**ашық көздерден алынған фотосурет.**

# ҚАЗАҚСТАНДА ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ АРТТЫ

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының (ЖМЗЖ) мөлшерлемесі қызметкер табысынан 3,5% дейін ұлғайтылды (ЖМЗЖ мөлшері жыл сайын кезең-кезеңмен өсуде - 2024 жылы - 1,5%, 2025 жылы - 2,5%, 2026 жылы - 3,5%, 2027 жылы - 4,5%, 2028 жылы - 5%). Еске сала кетейік, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық жұмыс берушілер Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) өз қызметкерлерінің пайдасына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын аударуға міндеттелді. Осылайша халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі жұмыс берушінің қатысуымен іске асырылатын жаңа құрамдас бөлікпен толықтырылды.

ЖМЗЖ енгізу 1975 жылы және одан кейін туған азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылуын жақсартуға бағытталған. Себебі бұл санаттағы азаматтардың ынтымақты зейнетақы алу үшін маңызы зор 1998 жылға дейінгі еңбек өтілі жоқ немесе мүлде аз. Болашақта олардың жиынтық зейнетақысы үш құрамдас бөліктен тұратын болады: мемлекеттен төленетін базалық зейнетақы, қызметкердің міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасатын жинақтаушы зейнетақы және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптасатын шартты-жинақтаушы зейнетақы.

Жұмыс берушілер 1975 жылғы 1 қаңтарға дейін туған адамдар, зейнет жасына толған азаматтар, мерзімсіз уақытқа I және II топтағы мүгедектік белгіленген адамдар, әскери қызметшілер және оларға теңестірілген тұлғалар үшін ЖМЗЖ төлеуден босатылады. Жұмыс берушілердің ЖМЗЖ-ны уақытылы әрі толық төлеуін қадағалау міндеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне жүктелген.

ЖМЗЖ есебінен төленетін зейнетақы төлемдері өмір бойына жүзеге асырылады. Алайда зейнетақы алушы шетелге тұрақты тұруға көшкен немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын өзгерткен жағдайда бұл төлемдер тоқтатылады. Мұндай жағдайда азамат тек өзінің жеке зейнетақы шотында жинақталған қаражатын ғана ала алады, ал ЖМЗЖ есебінен аударылған қаражат БЖЗҚ-да қалады. Себебі бұл қаражат салымшының жеке меншігі болып саналмайды және шартты зейнетақы шоттарына есептеледі. Сәйкесінше, ЖМЗЖ есебінен қалыптасқан жинақтар мұраға қалдырылмайды және олар зейнетақы төлемдерін ынтымақтылық (тарату) қағидаты бойынша төлеуге арналған. Демек, Қазақстан азаматтығынан айырылған немесе қайтыс болған тұлғалар үшін бұрын төленген ЖМЗЖ қаражаттары қорда қалып, қалған қатысушылар арасында қайта бөлінеді.

Бұған дейін сарапшылар ЖМЗЖ есебінен жиналған қаражатты салымшылардың жеке зейнетақы шоттарына аудару, сондай-ақ зейнетақы жинақтарын қалыптастыруда тең тәсілді қамтамасыз ету мақсатында жасына қарамастан, ЖМЗЖ-мен барлық қызметкерлерді қамту жөнінде ұсыныстар білдірген болатын. Сарапшылар тарапынан жасалған бұл ұсыныстар әзірге талқылау сатысында.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.**

# ПОЧТИ 900 МЛН КУБОМЕТРОВ ВОДЫ СЭКОНОМИЛИ ЗА ГОД В КАЗАХСТАНЕ

За счет внедрения водосберегающих технологий в орошаемом земледелии в Казахстане удалось сэкономить 874 млн кубометров воды по итогам 2025 года. При этом плановый показатель составлял 728 млн кубометров, передает агентство Kazinform. Министр водных ресурсов и ирригации РК Нуржан Нуржигитов провел совещание по реализации Концепции развития системы управления водными ресурсами до 2030 года. Как сообщается, в рамках снижения потерь воды при транспортировке реконструировали 678 километров каналов. Это позволило сократить потери воды с 50% до 25%.

Ведомство также провело мониторинг и оценку мелиоративного состояния орошаемых земель на площади 2,365 млн гектаров, превысив план в 1,921 млн гектаров. Для развития кадрового потенциала отрасли курсы повышения квалификации прошли 763 специалиста водохозяйственной сферы при целевом индикаторе в 400 человек.



Кроме того, выполнен план на 2025 год по повышению квалификации участников переговорных групп по использованию и охране трансграничных водных объектов. Помимо этого, министерство завершило реализацию девяти мероприятий, срок которых истекал в 2025 году. В их числе - создание Национальной информационной системы водных ресурсов, разработка и подписание соглашения между правительствами Казахстана и Узбекистана о совместном управлении и использовании трансграничных водных объектов, а также формирование перечня наилучших имеющихся водосберегающих технологий орошения.

- В этом году необходимо обеспечить полное выполнение всех предусмотренных Концепцией индикаторов. Особенно, в сфере строительства, модернизации и реконструкции водохозяйственной инфраструктуры. Нужно усилить взаимодействие с другими государственными и местными исполнительными органами. Концепция - это не рекомендация к действию, а стратегический документ, цели которого нужно выполнить в полном объеме, - отметил Нуржан Нуржигитов.

**По материалам Д.Кеңесбай, inform.kz,**
**фото: Правительство РК.**

# ТАҒАМНАН УЛАНУ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ



Тағамнан улану дегеніміз - микробтармен және оның токсиндерімен, яғни уларымен ластанған азық-түлікті пайдалану салдарынан жедел пайда болатын, адамнан-адамға жұқпайтын аурушаңдық.

Тағамнан уланудың жалпы белгілері: аурудың тез арада жедел түрде басталуы, тез жазылуы, бір уақытта біраз адамның ауруы, аурудың белгілі бір тағаммен байланыстылығы, сезікті тағамды тоқтатқан соң аурудың тоқтауы.

Бактериялар мен микробтар ылғалды, жылы және қоректік ортада тез өрбиді. Тағамнан улану жағдайы тағамның дайындалуы, сақталуы барысында бактериялармен, бактериалды улармен, вирустармен немесе өз табиғатындағы улы заттармен ластанған тағамдарды қолданғанда болады.

Тағамнан уланудың негізгі себептері жеке бас гигиенасының, санитариялық-гигиеналық талаптардың және тамақтарды дайындау барысында технологиялық процестердің сақталмауы, сақтау мерзімдерінің бұзылуынан болады.

Тағамнан уланудың алғашқы белгілері: асқазанның ауырсынуы, құсу, жүрек айну, дене қызуының жоғарылауы, т.б. Тағамнан уланудың клиникалық көрінісі уланудың түріне және зақымданған улы тамақты қанша мөлшерде жегеніне байланысты. Ең алғашқы белгілері зақымданған тамақты жегеннен кейін 30 минуттан соң басталады.

Тағамнан уланудың ең алғашқы белгілері білінген кезде әсіресе балалар, қариялар және жүкті әйелдер тез арада дәрігерлік көмекке жүгінуі тиіс. Егер ауру ұзақ уақыт жазылмай, құсу, организмнің сусыздануы, нәжісінде қанның болуы және өткір ішек ауруы сияқты белгілері сақталған жағдайда міндетті түрде дәрігерлік көмекке жүгінген дұрыс. Сәбилердің организмдері тез сусыздануға бейім болғандықтан, ешбір кедергісіз, уақыт созбай емделу қажет.

**Аурудың алдын-алу жолдары:**

- тамақтанар алдында қолды жуу;
- термиялық өңдеуге жатпайтын жеміс-жидектерді қайнатылған сумен жуу, қалғандарын ағынды сумен жуу;
- тек қайнатылған немесе бөтелке суын ішу;
- тез бұзылатын тағамдарды тоңазытқыштарда сақтау;
- кондитер өнімдерін тек дүкендерден ғана алу, қауіпсіздігін растайтын құжатының болуына көңіл бөлу;
- үй жағдайында дайындалған консерві (ет, құс, балық, саңырауқұлақ) өнімдерін белгісіз адамдардан сатып алмау;
- тағамның түрі, түсі, иісі және тағы басқа белгілері күмән тудыратын болса, мұндай тағамды мүлдем пайдаланбау.

**Г. ТУСМАГАНБЕТОВА,**
**Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы,**
**ашық көздерден алынған фотосурет.**

# ТЫРЫСҚАҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Тырысқақ (холера) - жедел ішек жұқпалы ауруы. Ауруды Vibrio cholerae бактериясы қоздырады. Негізгі ерекшелігі - ағзаның тез сусыздануына әкелетін көп мөлшердегі сұйық іш өту.

**Қоздырғышының ерекшелігі:**

Су арқылы жақсы таралады; Ластанған суда ұзақ уақыт сақталады; Қайнатқанда тез жойылады.

**Жұғу жолдары:**

Тырысқақ көбіне: Ластанған ауыз су арқылы; жуылмаған көкөніс, жеміс-жидек арқылы; Гигиена талаптары сақталмаған жағдайда; Ауру адаммен жанасқанда (тұрмыстық жолмен) жұғады.

Ауру тез таралады және эпидемия туғызуы мүмкін.

**Белгілері (симптомдары):**

Тырысқақ кенеттен басталады: Көп мөлшердегі, иіссіз, «күріш суы» тәрізді іш өту; Қайталамалы құсу; Қатты шөлдеу; Әлсіздік; Бұлшықет тартылуы; Дене қызуы көбіне қалыпты болады.

**Ауыр жағдайда:**

Ауыз, тері құрғауы; Көздің ішке кіріп кетуі; Қан қысымының төмендеуі; Естен тану; Өлім қауіпі жоғары.

**Диагностикасы:**

Нәжіс пен құсық массасын зерттеу; Бактериологиялық талдау; Эпидемиологиялық жағдайды ескеру.

**Емі:**

Тырысқақ - шұғыл емдеуді қажет ететін ауру:

• Негізгі ем - сұйықтық пен тұзды қалпына келтіру;
• Арнайы ерітінділер (оральды регидратация);
• Ауыр жағдайда - көктамыр арқылы сұйықтық құю;
• Антибиотиктер дәрігер тағайындауымен.

**Алдын алу шаралары:**

• Тек қайнатылған немесе тазартылған су ішу;
• Қолды сабындап жиі жуу;
• Жеміс-көкөністі жақсылап жуу;



• Тағамды дұрыс сақтау;
• Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау;
• Қауіпті аймақтарда вакцинация.

**Қорытынды.**

Тырысқақ - өте қауіпті, бірақ алдын алуға болатын ауру.Таза су, жеке гигиена және санитарлық тәртіп - аурудың алдын алудың басты жолы. Ерте көрсетілген медициналық көмек өмірді сақтап қалады.

**Г.АЙМБЕТОВА,**
**Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқарма басшысы,**
**ашық көздерден алынған фотосурет.**

# ПРОВЕРКУ ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ БУДУТ ПРОХОДИТЬ В КАЗАХСТАНЕ ВЫСОТНЫЕ ЖИЛЫЕ ДОМА С 1 ФЕВРАЛЯ



Первый заместитель Премьер-министра РК Роман Скляр в ответе на депутатский запрос рассказал о разработке плана комплексного реформирования сферы безопасности в жилищном фонде с внедрением единого национального стандарта, передает агентство Kazinform.

Согласно поправкам в Закон «О гражданской защите», с 1 февраля 2026 года многоквартирные дома выше 28 метров перед приемкой и вводом в эксплуатацию должны получать заключение о соответствии объекта требованиям пожарной безопасности в порядке, установленном Законом «О разрешениях и уведомлениях».

- Выдача данного заключения будет осуществляться территориальным подразделением уполномоченного органа в сфере гражданской защиты. В ходе осуществления данной функции территориальным подразделением уполномоченного органа будет проводиться пожарно-техническое обследование построенного объекта на соответствие выполненных строительно-монтажных работ требованиям пожарной безопасности, - говорится в ответе на депзапрос.

Порядок выдачи заключения регулируется соответствующими правилами.

Отмечается, что вопросы обеспечения пожарной безопасности в жилом фонде находятся на постоянном контроле уполномоченных органов и Правительства.

**По материалам Д.Кеңесбай, inform.kz,**
**фото: В.Федюнин / Kazinform.**

# ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІНДЕГІ АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІ

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі қабылданған жаңа Салық Кодексіне сәйкес салық режимдерін оңтайландыру мақсатында арнаулы салық режимдерінің 3 түрі енгізілді:

1) өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін;
2) оңайлатылған декларация негізінде;
3) шаруа немесе фермер қожалықтары үшін.

Анықтама:

- оңайлатылған декларация және бөлшек салық негізінде АСР біріктірілді;
- мобильді қосымшаны пайдалану негізіндегі АСР және патент негізіндегі АСР біріктірілді;
- тіркелген шегерімді пайдалану негізіндегі АСР жойылды;
- АШТӨ үшін АСР жойылды (жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен).

1) өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР:

- ЖК болып табылмайтын жеке тұлға қолдануға құқылы;
- жалдамалы жұмысшыларсыз;
- шекті табыс - айына 300 АЕК (1,3 млн. тг, жылына 15 млн. тг);
- қызмет түрлерінің рұқсат етілген тізімі (ҚР ҮҚ);
- табыстың 4% мөлшеріндегі әлеуметтік төлемдер;
- ЖТС төлеуден босатылды;
- салық есептілігі жоқ, есеп айырысу ай сайын мобильді қосымшаның чектері негізінде автоматты түрде есептеліп отырады.

2) оңайлатылған декларация негізінде АСР:

- бір жылдағы шекті табыс - 600 000 АЕК (2,5 млрд. теңге);
- жалдамалы жұмысшылар санына шектеу жоқ;
- ЖТС/КТС ставкасы - 4% (мәслихаттар 50% төмендетуге/арттыруға құқылы);
- тыйым салынған 44 қызмет түрлері белгіленгенмен нақты тізімі ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілетін болады.
- ҚҚС төлемейді;
- салық есептілігі жарты жылда бір рет;
- егер табыс 24 000 АЕК-тен (100 млн.тг) асатын болса, салық салынатын табыстан еңбекақы төлеу қорының сомасын азайтуға құқылы;
- егер табыс 135 000 АЕК (550 млн.тг) кем болса, бухгалтерлік есепті жүргізуден босатылады;
- жалпыға бірдей режимдегі салық төлеушілер үшін оңайлатылған декларация негізінде АСР-дегі СТ-мен өзара есеп айырысу сомаларын шегеруге тыйым салынады.

3) Шаруа және фермер қожалықтары үшін АСР (қолданыстағы тәртіп сақталды, салық ЖТС түрінде төленетін болады, бірыңғай жер салығы жойылады).

- ауыл шаруашылығы қызметі;
- ҚҚС, әлеуметтік салықты төлемейді, ауыл шаруашылығы қызметінде пайдаланылатын мүлік пен көлікке салынатын салықтардан босатылған;
- ЖТС ставкасы - айналымнан 0,5%;
- жер учаскесінің болуы міндетті;
- салық есептілігі жылына бір рет тапсырылады. 2026 жыл үшін салық есептілігінің тапсыру мерзімі 2027 жылғы 31 наурызға дейін.

**Арал ауданы бойынша**
**Мемлекеттік кірістер Басқармасы.**

# Пенсионные выплаты из ЕНПФ вырастут на 5 процентов

Пенсионные выплаты из ЕНПФ с 1 января 2026 года увеличатся на 5 процентов пенсионерам, уже получающим выплаты не первый год.

Напомним, что расчет выплат из ЕНПФ производится согласно Методике осуществления расчета размера пенсионных выплат, утвержденной Постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 июня 2023 года. В соответствии с ней, ежемесячная выплата гражданам, выходящим на пенсию, рассчитываются следующим образом: в первый год получения выплат сумма пенсионных накоплений умножается на ставку выплат пенсионных накоплений 6,5% и делится на 12. В последующие годы ежемесячная выплата увеличивается на ставку индексации пенсионных выплат в размере 5%.

Минимальный размер выплаты из ЕНПФ в месяц составляет не менее 70% от прожиточного минимума (далее - ПМ), установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете (в 2026 году ПМ - 50 851 тенге). Максимальный размер ежемесячной выплаты из ЕНПФ не ограничен и зависит от суммы пенсионных накоплений получателя.

Методикой предусмотрены повышающие поправочные коэффициенты, используемые для расчета размера пенсионной выплаты для следующих категорий граждан: лица с инвалидностью 1 или 2 групп, установленной бессрочно, а также лица, достигшие пенсионного возраста, за которых уплачены обязательные профессиональные пенсионные взносы в совокупности не менее 60 месяцев. Для лиц, соответствующих обоим вышеуказанным условиям, применяется поправочный коэффициент с наибольшим значением.

Таким образом, пенсионные выплаты напрямую зависят от размера пенсионных накоплений, которые формируются за счет регулярных пенсионных взносов и накопленного инвестиционного дохода. Выплаты из ЕНПФ осуществляются до исчерпания накоплений на индивидуальном пенсионном счете. Поскольку индивидуальные пенсионные накопления являются собственностью вкладчика, они также наследуются в общем порядке, предусмотренном гражданским законодательством.

**Пресс-центр АО «ЕНПФ».**

# ХАБАРЛАНДЫРУЛАР ● ОБЪЯВЛЕНИЯ

***

"Лунцзянь" жолдар мен көпірлер салу жөніндегі ЖШАК ҚР филиалы ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 26.02.2026 ж. 10:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек а. о., Тереңөзек а., Қонаев к-сі, 9Б ғимаратында «Қызылорда - Павлодар - Успенка - РФ шекарасы» автожолы, "Қызылорда - Жезқазған" 12-424 км учаскесі, 24+00 -76 +00 км жол учаскесі, №7 (км 52+70) және №9 (км36+00) учаскелердегі карьерлерді рекультивациялау жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларының 1 тарау 8 тармағына сәйкес ұсыныстар мен ескертулерді жергілікті атқарушы орган қабылдайды: prd@korda.gov.kz, a.koszhanova@korda.gov.kz ақпараттық жүйе:https://ndbecology.gov.kz/

ZoomКонференция:https://us04web.zoom.us/j/73950516404?pwd=0iqrK0qz85zaXWNdaom9KSki5wXmft.1

Конференция идентификаторы:739 5051 6404. Кіру коды:4whPaH

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: prd@korda.gov.kz, a.koszhanova@korda.gov.kz Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел: 8-(7242)-60 -53-62.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: ҚР "Лунцзянь" жолдар мен көпірлер салу жөніндегі ЖШАК филиалы

БСН 230341003700, Қызылорда қ., Кошербаев көш. 154. Тел.: 8 7081553675, LongJianRoad@yandex.kz

Жобаны жасақтаушы: «ЭКО-ОРДА» ЖК. ҚР, 120000, Қызылорда қаласы, Сырдария мөлтек ауданы, №20 үй, кв.39

Тел. +7777 785 13 46, e-mail: ecoorda@bk.ru

Географиялық координаттары:

45º02'06" с.ш; 66º02'13", 45º02'15" с.ш; 66º02'19"

45º02'21" с.ш; 66º02'08", 45º02'12" с.ш; 66º02'02"

***

ФЛ АКОО по строительству дорог и мостов "Лунцзянь" в Республике Казахстан в соответствии с требованиями ст.96 Экологического Кодекса РК, сообщает, что 26.02.2026 года в 10:00 по адресуКызылординская область, Сырдарьинский район, Теренозекскийс.о., с.Теренозек, ул. Кунаева9Б,состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по Разделу «Охраны окружающей среды» к проекту рекультивация карьеров на участках №7 (км 52+70) и №9 (км36+00) автомобильной дороги «Кызылорда - Павлодар - Успенка- гр. РФ», участок «Кызылорда- Жезказган» км 12-424, участок дороги км 24+00 -76 +00, ПУО, ПЭК, ППМ.

Согласно прил.1 п.8 правил проведения общественных слушанийпредложения и замечания принимаетместныйисполнительный орган: prd@korda.gov.kz, a.koszhanova@korda.gov.kzи информационная система: https://ndbecology.gov.kz/

ZoomКонференция:https://us04web.zoom.us/j/73950516404?pwd=0iqrK0qz85zaXWNdaom9KSki5wXmft.1

Идентификатор конференции: 739 5051 6404. Код доступа: 4whPaH

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа:Управление природных ресурсов и регулирования природопользованияКызылординской области: prd@korda.gov.kz,a.koszhanova@korda.gov.kzг.Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62.

Инициатор намечаемой деятельности: Филиал Акционерная компания с ограниченной ответственностью по строительству дорог и мостов "Лунцзянь" в Республике Казахстан,

БИН 230341003700, г.Кызылорда, ул. Кошербаев, дом 154, Тел.: 8 7081553675, LongJianRoad@yandex.kz

Разработчик: ИП «ЭКО-ОРДА». РК, 120000, город Кызылорда, мкр-н. Сырдария, дом №20, кв. 39

Тел. +7 777 785 13 46, e-mail: ecoorda@bk.ru

Географические координаты:

45º02'06" с.ш; 66º02'13", 45º02'15" с.ш; 66º02'19"

45º02'21" с.ш; 66º02'08", 45º02'12" с.ш; 66º02'02"

# ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті заңды тұлғаларға 4 мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді, олар:

1) энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру;

2) егер мәміле жасалатын мүліктің ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансте ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкіне қатысты өзге мәмілелер жасасуға келісім беру;

3) табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру;

4) мемлекеттік тіркелімге табиғи монополиялар субъектілерін енгізу және одан шығару.

Департамент жоғарыда аталған мемлекеттік қызметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидалары және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 5 маусымдағы №47 бұйрығымен бекітілген «Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары негізінде көрсетеді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтерді алу үшін қолайлы жағдай жасауға, олардың барлық қызмет алушыларға қол жетімді болуына үлкен көңіл бөлінеді.

Департаментпен барлық мемлекеттік қызметтер тек электронды түрде көрсетіледі. Табиғи монополияларды реттеу саласындағы көрсетілген қызметтерді алу үшін көрсетілетін қызметті алушы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы құжаттарды қоса тіркей отырып өтініш жіберуі керек.

Сонымен қатар, көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші, табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беруге болады.

2025 жыл қорытындысы бойынша Департаментке табиғи монополиялар субъектілерінен - 9 өтінішхат түсіп, Департаментпен тиісті жұмыстар жүргізілді.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаменті.**

# КАК ВЫБРАТЬ НАЛОГОВЫЙ РЕЖИМ В 2026 ГОДУ?

С 1 января 2026 года в Казахстане действует новый Налоговый кодекс, который сократил количество специальных налоговых режимов до трех, передает Kazinform со ссылкой на primeminister.kz.

Комитет государственных доходов МФ РК разъяснил, какие режимы предусмотрены и в каких случаях предпринимателям необходимо до 1 марта 2026 года подать уведомление о выборе режима налогообложения. Новым Налоговым кодексом предусмотрены три специальных налоговых режима: для самозанятых, на основе упрощенной декларации и для крестьянских и фермерских хозяйств.




- В рамках нового Налогового кодекса количество специальных налоговых режимов сокращено, то есть они оптимизированы до трех, ранее их было семь. Осталось три специальных налоговых режима. Первый - специальный налоговый режим на основе упрощенной декларации. Второй - специальный налоговый режим для самозанятых. Третий - специальный налоговых режим для крестьянских и фермерских хозяйств, - отметил руководитель управления администрирования специальных налоговых режимов Комитета государственных доходов МФ РК Ерканат Шынберген.

**Что нужно знать предпринимателям: СНР на основе упрощенной декларации?**

Налогоплательщикам, планирующим применять данный режим, необходимо до 1 марта 2026 года подать уведомление о применяемом режиме налогообложения. Если уведомление не представлено в указанный срок, налогоплательщики автоматически будут переведены на общеустановленный порядок налогообложения с датой начала с 1 января 2026 года.

**Подать уведомление можно через:**

Кабинет налогоплательщика (ИС ИСНА в разделе «Подать документы» - «Уведомление о применяемом режиме налогообложения»);

Специальное мобильное приложение «E-Salyq Business» («сервис» - «смена налогового режима ИП»);

УГД по месту нахождения на бумажном носителе;

Приложения банков (на сегодня сервис реализован в приложении Kaspi Bank в разделе «госуслуги» - «изменение реквизитов и налогового режима ИП»).

**Переход на режим для самозанятых.**

С 1 марта 2026 года налоговые органы автоматически снимут с учета в качестве ИП налогоплательщиков, применявших в 2025 году СНР на основе патента или СНР с использованием специального мобильного приложения.

Датой снятия с учета будет признаваться 1 января 2026 года, при этом сохраняется право подать заявление на снятие с учета самостоятельно. Снятие с учета не производится в случаях, если налогоплательщиком подано уведомление о применяемом режиме с выбором другого режима.

При этом датой начала применения СНР для самозанятых признается дата формирования первого чека в мобильном приложении «e-Salyq Business».

**Переход на режим для крестьянских и фермерских хозяйств (КФХ).**

Переход на данный режим осуществляется автоматически налоговыми органами до 1 марта 2026 года и не требует подачи уведомления.

**По материалам Д.Калманбаевой, inform.kz, Коллаж: Kazinform / Freepik.**

# ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ: НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) қызметінің тиімділігін объективті бағалауды қамтамасыз ету үшін кірістілік пен тәуекел деңгейіне байланысты Кі композиттік индекстері негізінде бағалау жүйесі енгізілетін болады.

Композиттік индекс - жаһандық экономикалық тенденцияларды, сондай-ақ капитал нарығындағы жағдайларды ескере отырып, ИПБ жұмысының нәтижелерін объективті бағалауды қамтамасыз ететін ұлттық және әлемдік қор нарықтарының индекстерін қамтитын бенчмарк түрі. Осы индекстердің динамикасын ИПБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері (ЗА) портфелінің кірістілігімен салыстыру басқарушы компанияның нарықтық конъюнктурадан қаншалықты озық немесе артта қалғанын бағалауға мүмкіндік береді. Бенчмарк - жеке басқарушылардың тиімділігін салыстырып, нәтижелерін бағалау үшін қолданылатын эталондық көрсеткіш немесе бағдар.

Бүгінгі таңда БЖЗҚ бес ИПБ-мен ЗА сенімгерлік басқару туралы шарт жасасқан. ИПБ-лардың қолданыстағы тәсілі шеңберінде белгіленген нормативтер, заңнама талаптары сақталатынын және зейнетақы активтерінің орташа табыстылығы негізінде есептелген ең төменгі деңгейден төмен емес кірістілік көрсеткіштерін қамтамасыз ететінін атап өткен жөн. ИПБ басқаруына берілген зейнетақы қаражаты көлемінің ұдайы өсуі байқалады. 2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ИПБ басқаруына берілген зейнетақы активтерінің жалпы көлемі шамамен 107,3 млрд теңгені құрады. Бұл ретте ИПБ активтерінің көпшілігі консервативті инвестициялау стратегиясына сәйкес келетін облигациялар мен мемлекеттік бағалы қағаздарға инвестицияланады. Қолданыстағы тәсіл зейнетақы активтерінің ең көп мөлшеріне ие ИПБ басқаруындағы орташа алынған кірісті қалыптастыруға айтарлықтай әсер етіп, нәтижесінде басқарушылардың инвестициялық мүмкіндіктерін белгілі бір дәрежеде шектейтіндігіне әкеледі.

Басқа ИПБ кірістілігіне тәуелді емес, әлемдік және жергілікті нарықтардағы жағдайды көрсететін танылған бенчмарк негізінде басқару тәсілін енгізу ИПБ-ға объективті бағдарларға сүйенуге және зейнетақы активтерін инвестициялаудың ең жақсы нәтижелеріне ұмтылуға мүмкіндік береді.

**Инвестициялық стратегияларды қалыптастырудың және инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейтудің жаңа ережелері.**

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап ИПБ-лар инвестициялық стратегияларға арналған портфельді композиттік индекстер негізінде таңдайтын болады. Эталондық портфель инвестордың стратегиялық мүдделерін көрсететін қаржы құралдарының жиынтығынан тұрады. Эталондық портфельдің кірістілігі зейнетақы активтерін басқару тиімділігін бағалау кезінде шара ретінде қызмет етеді. Композиттік бенчмарк жетекші әлемдік қаржы компаниялары әзірлеген және қадағалайтын индекстерді, сондай-ақ инвестициялау стратегиясына байланысты белгілі бір пропорцияларда "Қазақстан қор биржасы" АҚ индекстерін қамтиды.

Әр ИПБ, бұрынғыдай, активтерді бір инвестициялық стратегия шеңберінде басқарады - ИПБ-ға стратегиялардың бірнеше нұсқалары арасынан таңдау жасау көзделмеген. Алайда, ИПБ-лардың инвестициялық стратегиялары тәуекел деңгейіне, күтілетін кіріске және инвестициялау мерзіміне байланысты әртүрлі болады. Осыны негізге ала отырып, ИПБ салымшыларға зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру кезінде үш инвестициялық портфельдің бірін ұсына алады:

**1. Салымшыларға арналған Кі (12) портфелі, зейнеткерлікке шыққанға дейінгі қалған мерзімге тәуелсіз.** Ең төменгі кірістілік 12 айдың қорытындысы бойынша айқындалады және тиісті композиттік индекстің номиналды кірістілігінің кемінде 95% құрауы тиіс.

Кі (12) инвестициялық портфелі үшін төмендегі индекстер эталондық портфель болып табылады:

10% - KASE индексі;

60% - KZGB_DPs индексі

10% - MSCI ACWI индексі

20% - Bloomberg Global-Aggregate Total Return Index Value Hedged USD индексі.

**2. Зейнеткерлікке кемінде 3 жылдан кейін шығатын салымшыларға арналған Кі (36) портфелі.** Ең төменгі кірістілік 36 айдың қорытындысы бойынша есептеледі және композиттік индекстің номиналды кірістілігінің 90% - нан төмен болмауы керек.

Кі (36) инвестициялық портфелі үшін төмендегі индекстер эталондық портфель болып табылады:

20% - KASE индексі

20% - KZGB_DPs индексі

40% - MSCI ACWI индексі

20% - Bloomberg Global-Aggregate Total Return Index Value Hedged USD индексі.

**3. Зейнеткерлікке шыққанға дейін 13 жылдан аса уақыт бар салымшыларға арналған Кі (60) портфелі.** Ең төменгі кірістілік 60 айдың қорытындысы бойынша анықталады және композиттік индекстің номиналды кірістілігінің 85% -нан төмен болмауы керек.

Кі (60) инвестициялық портфелі үшін төмендегі индекстер эталондық портфель болып табылады:

20% - KASE индексі

10% - KZGB_DPs индексі

60% - MSCI ACWI индексі

10% - Bloomberg Global-Aggregate Total Return Index Value Hedged USD индексі.

Бұдан басқа, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтері (ЗА) есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі кеңейтіледі және тәуекелдердің жаңа нормативтері белгіленеді. Осылайша, ИПБ таңдаған бенчмарк негізіндегі инвестициялық портфельдің құрылымындағы құралдар түрлері бойынша әртүрлі болады және әр ИПБ өзінің инвестициялық мақсаттарын тәуекел мен кірістілік арақатынасына байланысты айқындайды.

Салымшылар белгілі бір ИПБ ұсынатын стратегияны өздері үшін рұқсат етілген тәуекел деңгейі мен зейнеткерлік жасқа жақындау мерзімдері бойынша белгіленген шектеулерді ескере отырып таңдайды. Жинақтың бір бөлігін таңдалған стратегияға сәйкес ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беру - инвестициялау тәжірибесін қалыптастырып, оның нәтижелерін талдау бойынша таптырмас мүмкіндік.

**Теріс айырмашылықты өтеу механизмі**

Зейнетақы активтерінің кірістілігі белгіленген ең төменгі деңгейден (композиттік эталоннан) төмен болған жағдайда, ИПБ теріс айырма сомасын меншікті капитал есебінен өтеуге тиіс. Өтеу басқарушы компания, кастодиан-банк және БЖЗҚ арасындағы салыстыру актісі негізінде жүргізіледі.

Заңнамадағы жаңашылдықтар да БЖЗҚ мен ИПБ арасындағы шарттарды төмендегі жағдайлар негізінде бұзу мүмкіндігін көздейді:

• ИПБ бастамасы бойынша ЗА сенімгерлік басқару туралы шарт осы Шарт жасалған күннен бастап бір толық күнтізбелік жыл өткен соң бұзылуы мүмкін;

• ИПБ уәкілетті органды, БЖЗҚ-ны және ЗА-ны есепке алу және сақтауды жүзеге асыратын кастодиан-банкті шарт бұзылған күнге дейін бір жылдан кешіктірмей хабардар етуге, сондай-ақ тиісті хабарландыруды корпоративтік сайтта орналастыруға міндетті;

• ИПБ өз міндеттемелерін орындағаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде ЗА-ны қабылдау-тапсыру актісі негізінде БЖЗҚ-ның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі кастодиандық шотына қайтарады.

Осы нормалар сенімгерлік басқарушыларды ауыстыру кезінде салымшылар қаражатының ашықтығы мен сақталуын қамтамасыз етеді.

Осылайша, қабылданған жаңашылдықтар:

• ЗА-ның ұзақмерзімді кірістілігін көтеріп, сақталуын қамтамасыз етуге;

• ИПБ-лар арасындағы бәсекеге қабілетті ортаны дамытуға;

• салымшылардың мүмкіндіктерін кеңейтіп, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне деген сенімдерін арттыруға мүмкіндік береді.

Естеріңізге сала кетейік, зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ сенімгерлік басқаруына беру туралы өтінішті www.enpf.kz сайтындағы немесе БЖЗҚ мобильді қосымшасындағы жеке кабинетте, сондай-ақ БЖЗҚ кеңсесіне өзіңіз келіп өтініш жасау арқылы беруге болады.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.**

# ОТДЫХ НА ПРИРОДЕ СТАНЕТ ДОРОЖЕ: ЦЕНЫ НА ВЪЕЗД В НАЦПАРКИ КАЗАХСТАНА В 2026 ГОДУ



В Казахстане с 1 января 2026 года изменился размер месячного расчетного показателя (МРП) - теперь он составляет 4 325 тенге. Вместе с ним обновились и ценники на посещение национальных парков страны. Tengri Travel разобрался, сколько сегодня стоит поездка в самые популярные нацпарки страны.

**Почему изменились цены?**

Как сообщили в Комитете лесного хозяйства и животного мира, действующие тарифы были утверждены Министерством экологии и природных ресурсов ещё 2 октября 2024 года. Все платные услуги в нацпарках рассчитываются в МРП, при этом у каждого парка собственная тарифная сетка: она зависит от категории посетителей и вида транспорта.

Деньги, как объяснили в ведомстве, идут на благоустройство, уборку мусора и содержание экотроп.

Сколько стоит вход в национальные парки Казахстана в 2026 году

**Баянаул.** В Баянаульском государственном национальном природном парке действуют следующие тарифы:

• для пеших посетителей - 0,15 МРП, что составляет около 649 тенге с человека в сутки;

• За въезд на территорию парка на легковом автомобиле - 0,4 МРП, 1 730 тенге;

• Для микроавтобусов до 16 мест, а также грузовых автомобилей - 2 МРП, около 8 650 тенге;

• Для автобусов вместимостью до 32 мест обойдётся в 3 МРП, то есть примерно 12 975 тенге;

• Для автобусов более чем на 32 места - 5 МРП, 21 625 тенге.

**Бурабай.** В нацпарке "Бурабай" тарифы зависят от дня недели. Будние дни:

• для легкового автомобиля - 0,3 МРП, 1 298 тенге;

• для микроавтобусов до 16 мест и грузовых автомобилей - 1 МРП, 4 325 тенге;

• для автобусов до 32 мест - 2,0 МРП, 8 650 тенге;

• для автобусов свыше 32 мест - 3 МРП, 12 975 тенге.

В выходные и праздничные дни тарифы выше:

• въезд легкового автомобиля - 0,4 МРП, 1 730 тенге;

• микроавтобуса до 16 мест или грузового автомобиля - 1,5 МРП, 6 488 тенге;

• автобуса до 32 мест - 2,5 МРП, 10 813 тенге;

• автобуса свыше 32 мест - 3,5 МРП, 15 138 тенге.

**Алтын-Эмель.** В национальном парке "Алтын-Эмель" действует государственный сбор за въезд транспорта:

• для владельцев мотоциклов, мопедов и квадроциклов - 0,6 МРП в день, что составляет около 2 595 тенге;

• за въезд легкового автомобиля необходимо заплатить 0,9 МРП в день, примерно 3 893 тенге;

• для микроавтобусов до 16 мест и грузового транспорта - 3,5 МРП в день, или около 15 138 тенге;

• въезд автобусов вместимостью до 32 мест обойдётся в 7 МРП в день, 30 275 тенге;

• для автобусов более чем на 32 места установлен максимальный тариф - 10,5 МРП в день, около 45 413 тенге.

Дополнительно взимается плата за стоянку - 0,06 МРП (примерно 260 тенге в сутки).

**Кольсай.** В ГНПП "Көлсай көлдері" в 2026 году установлены следующие тарифы:

• для пеших посетителей - 0,2 МРП, 865 тенге с человека в сутки;

• за въезд легкового автомобиля - 0,6 МРП, 2 595 тенге;

• для микроавтобусов до 16 мест и грузового транспорта - 2 МРП, 8 650 тенге;

• для автобусов (до 32 мест) - 3 МРП, 12 975 тенге;

• для автобусов (более чем на 32 места) - 5 МРП, 21 625 тенге.

**Чарынский национальный парк.** Посещение Чарынского государственного национального природного парка также требует уплаты сбора за санитарную очистку и благоустройство территории:

• пешие туристы - 0,2 МРП, 865 тенге с человека в сутки;

• легковой автомобиль - 0,6 МРП, 2 595 тенге;

• микроавтобус до 16 мест и грузовой автомобиль - 2 МРП, 8 650 тенге;

• автобус до 32 мест - 3 МРП, 12 975 тенге;

• автобус свыше 32 мест - 5 МРП, 21 625 тенге.

**Иле-Алатау.** В Иле-Алатауском государственном национальном природном парке тарифы выглядят следующим образом:

• для пеших посетителей - 0,15 МРП, 648 тенге в сутки;

• за въезд легкового автомобиля - 0,3 МРП, 1 297 тенге;

• для микроавтобусов до 16 мест и грузового транспорта - 1,3 МРП, 5 622 тенге;

• въезд автобусов вместимостью до 32 мест - 2,8 МРП, 12 110 тенге;

• для автобусов более чем на 32 места - 4,5 МРП, 19 462 тенге.

**Каркаралинский нацпарк.** В Каркаралинском государственном национальном природном парке в 2026 году действуют следующие тарифы:

• вход для пеших посетителей - 0,2 МРП, 865 тенге с человека в сутки;

• въезд легкового автомобиля - 0,6 МРП, 2 595 тенге;

• для микроавтобусов до 16 мест и грузового транспорта - 2 МРП, 8 650 тенге;

• автобусы до 32 мест - 3 МРП, 12 975 тенге, более чем на 32 места - 5 МРП, около 21 625 тенге.

**Катон-Карагайский национальный парк.**

В Катон-Карагайском государственном национальном природном парке тарифы аналогичны:

• для пеших туристов - 0,2 МРП, 865 тенге в сутки с человека;

• для легкового автомобиля - 0,6 МРП, 2 595 тенге;

• для микроавтобусов до 16 мест и грузовых автомобилей - 2 МРП, 8 650 тенге;

• для автобусов до 32 мест - 3 МРП или 12 975 тенге, для автобусов свыше 32 мест - 5 МРП, 21 625 тенге.

**Как оплатить?**

Оплатить вход и въезд во многих нацпарках уже можно онлайн, а также на контрольно-пропускных пунктах на месте. Кроме того, посетителям доступны дополнительные платные услуги - экскурсионное сопровождение, аренда инвентаря, кемпинговые зоны и экотропы.

**Что будет, если не заплатить?**

Игнорировать оплату не стоит. Это прописано в законодательстве. Ранее в администрации нацпарка объяснили: нахождение на территории Иле-Алатауского нацпарка без оплаты - это нарушение.

Если вы сознательно избегаете оплаты или игнорируете правила, это может закончиться не просто замечанием от сотрудников нацпарка. В статье 381 Кодекса об административных правонарушениях Казахстана предусмотрены реальные меры: предупреждение или штраф от 5 МРП (21 625 тенге) и выше - в зависимости от характера нарушения.

Ранее публикация о якобы платном входе на Кок-Жайляу привлекла внимание пользователей сети. Казахстанцы заметили на тропах QR-коды для оплаты и начали строить версии - от "новых правил" до "очередного мошенничества". Что это на самом деле, мы рассказали в материале.

**По материалам М.Оспан, tengrinews.kz, фото: burabaypark.qr-pib.kz.**

# «НАЦФОНД – ДЕТЯМ»: ИТОГИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СРЕДСТВ СОВЕРШЕННОЛЕТНИМИ КАЗАХСТАНЦАМИ НА 1 ЯНВАРЯ 2026 ГОДА

По состоянию на 1 января 2026 года в период с 1 февраля 2024 года исполнено 205 505 заявлений на получение целевых накоплений. Общая сумма средств в размере более 31,61 млн долларов США была переведена уполномоченным операторам для последующего зачисления на банковские счета заявителей - граждан, достигших 18 лет.

Из них 127 445 заявлений на сумму 19,69 млн долларов США были исполнены в целях улучшения жилищных условий, а 78 060 заявлений на сумму 11,92 млн долларов США – в целях оплаты образования.

Напомним, что получатель целевых накоплений (ЦН) может использовать всю сумму полностью или частично, при этом неиспользованный остаток сохраняется на целевом накопительном счёте (ЦНС).

Наиболее популярными субцелями использования средств на улучшение жилищных условий стали: пополнение вклада в жилищные строительные сбережения для дальнейшего накопления (исполнено 124 490 заявлений на сумму в размере 19,27 млн долларов США), внесение первоначального взноса для получения ипотечного жилищного займа на приобретение жилища - 999 заявлений на сумму в размере 145,39 тыс. долларов США, приобретение жилища в собственность по гражданско-правовым сделкам (окончательный расчет) - 757 заявлений на сумму в размере 108,64 тыс. долларов США. Самыми популярными субцелями в рамках оплаты образования стали: оплата образовательных услуг организаций образования, расположенных на территории Республики Казахстан, долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объеме единовременно (за весь срок обучения) (исполнено 71 025 заявлений на сумму в размере 11,03 млн долларов США), пополнение образовательного накопительного вклада по договору об образовательном накопительном вкладе (исполнено 4 933 заявления на сумму в размере 608,47 тыс. долларов США), оплата образовательных услуг зарубежных организаций образования долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объеме единовременно (за весь срок обучения) (исполнено 1 706 заявлений на сумму в размере 228,32 тыс. долларов США).

С подробной информацией о выплатах целевых накоплений в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты образования в разрезе уполномоченных операторов и регионов можно ознакомиться на сайте enpf.kz. Напомним, что:

- участниками целевых требований являются граждане Республики Казахстан, не достигшие 18 лет, имеющие право на целевые требования;

- Национальный Банк Республики Казахстан (НБРК) ежегодно (1 октября) направляет в ЕНПФ отчет, содержащий информацию об общей сумме целевых требований, ставке усредненного инвестиционного дохода и сумме инвестиционного дохода, начисленного на ранее сформированные целевые требования участников целевых требований;

- ЕНПФ ежегодно не позднее 20 января формирует электронный список участников целевых требований в информационной системе ЕНПФ на основании полученных сведений из Государственной базы данных «Физические лица» (ГБД ФЛ) по состоянию на конец 31 декабря;

- ЕНПФ на основании полученной информации от НБРК и сведений о количестве участников целевых требований, включенных в электронный список, рассчитывает и вносит в информационную систему ЕНПФ данные на одного участника целевых требований о сумме целевых требований за отчетный год, сумме инвестиционного дохода, начисленного на сумму целевых требований по состоянию на конец года, предшествующего отчетному году;

- учет целевых требований, целевых накоплений и целевых активов ведется ЕНПФ в долларах США.

Целевые требования за отчетный 2025 год, а также инвестиционный доход будут начислены участникам целевых требований не позднее 1 февраля 2026 года.

Целевые накопления казахстанцев, рожденных в 2008 году и достигающих в 2026 году 18 лет, также будут зачислены на их целевые накопительные счета не позднее 1 февраля 2026 года.

Регулярные отчеты по программе «Нацфонд – детям» размещаются на сайте enpf.kz.

Ознакомиться с условиями программы, получить инструкции, ответы на интересующие вопросы можно на сайте kids.enpf.kz и на YouTube-канале БЖЗҚ ЕНПФ. Также отметим, что видеоинструкция о реализации программы «Национальный фонд – детям», алгоритме действий до и после наступления совершеннолетия ребенка размещена на YouTube-канале БЖЗҚ ЕНПФ по ссылке: https://www.youtube.com/watch?v=HHQNAxfskX8.

**Пресс-центр АО «ЕНПФ».**

# БРУЦЕЛЛЕЗ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



Бруцеллез - адам мен жануарларға ортақ жұқпалы ауру. Бұл ауруды Brucella атты бактериялар қоздырады. Көбінесе ірі қара, қой, ешкі, түйе, шошқа сияқты малдардан адамға жұғады.

**Жұғу жолдары**

Бруцеллез адамға келесі жолдармен беріледі:

• Шикі немесе қайнатылмаған сүт, айран, қымыз, ірімшік арқылы;

• Ауру малды күткенде, төлдеткенде, сойғанда;

• Малдың қаны, шуымен (плацентамен) жанасқанда;

• Терідегі жарақаттар арқылы;

Адамнан адамға сирек жұғады.

**Белгілері (симптомдары):**

Бруцеллез белгілері бірден емес, біртіндеп дамиды:

• Дене қызуының көтерілуі (кешке қарай);

• Қатты тершеңдік;

• Әлсіздік, тез шаршау;

• Буын, бұлшықет, бел ауруы;

• Бас ауруы;

• Ұйқының бұзылуы;

• Тәбеттің төмендеуі;

**Созылмалы түрінде:**

• Буындардың қабынуы;

• Жүйке жүйесінің зақымдануы;

• Ерлерде бедеулікке дейін әкелуі мүмкін.

**Диагностикасы**

Бруцеллезді анықтау үшін:

• Қан талдауы (серологиялық зерттеулер);

• Бактериологиялық зерттеу;

• Дәрігер-инфекционист тексеруі қажет.

**Емі**

Бруцеллез өздігінен жазылмайды. Міндетті түрде:

• Ұзақ мерзімді антибиотиктермен ем;

• Дәрігер тағайындауын толық орындау;

• Емді ерте бастау асқынудың алдын алады.

**Алдын алу шаралары**

Бруцеллездің алдын алу үшін:

• Сүтті міндетті түрде қайнату;

• Шикі сүт өнімдерін пайдаланбау;

• Малмен жұмыс істегенде қорғаныш қолғап кию;

• Малдарды уақытылы ветеринарлық тексеруден өткізу;

• Ауру малды оқшаулау.

**Қорытынды.**

Бруцеллез - қауіпті, бірақ алдын алуға болатын ауру. Ерте анықталып, дұрыс ем қабылданса, толық жазылуға болады. Мал шаруашылығымен айналысатын адамдар үшін сақтық шараларын сақтау өте маңызды.

**Г.АЙМБЕТОВА,**
**Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқарма басшысы,**
**ашық көздерден алынған фотосурет.**

# «ХАЛЫҚ БУХГАЛТЕРІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ

- 2026 жылғы 5 қаңтардан бастап «Халық бухгалтері» акциясы басталды.

ҚР ҚМ жеке кәсіпкерлер мен шағын бизнес субъектілеріне арналған «Халық бухгалтері» акциясын іске қосылды.

- Өткізу мерзімі:

2026 жылғы 5 қаңтар - 30 маусым

- Кімдерге арналған:

Жеке кәсіпкерлер мен шағын бизнес субъектілеріне

- Қандай көмек көрсетіледі:

Келесі мәселелер бойынша түсінікті әрі практикалық кеңестер беріледі:

• бухгалтерлік есеп;

• салықтық есептілік;

• ақпараттық жүйелерде жұмыс істеу.

- Жұмыс форматы:

Негізгі формат - қалалар мен облыс орталықтарындағы мемлекеттік кірістер Басқармалары базасында офлайн қабылдау.

- Кеңес беру кестесі:

▪ 2026 жылғы қаңтар-ақпан - аптасына 3 рет (дүйсенбі, сәрсенбі, жұма) сағат 10:00-13:00.

▪ 2026 жылғы наурыздан бастап - аптасына 2 рет.

Қабылдау орындары мекенжайы мен жұмыс кестесі көрсетілген «Халық бухгалтері» арнайы тақтайшаларымен белгіленеді.

-Кеңес берушілер:

• Арал ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының тәжірибелі қызметкерлері.

**Арал ауданы бойынша МКБ.**

# ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР!

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті жаңа салық кодексіне сәйкес 2026 жылдың 1-қаңтарынан бастап 28-ақпан аралығында оңайлатылған декларация режиміне ауысуға хабарлама беру керектігін хабарлайды.

Хабарлама электронды қолтаңба кілт арқылы салық төлеушінің кабинеті немесе «Е - салық бизнес» мобильді қосымшасы арқылы жүргізіледі.

**Арал ауданы бойынша МКБ.**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Пара алу мен пара берудің жолын кесу мақсатында бүкіл қоғам болып белсенділік танытқанымыз жөн.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет ететін лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Барлық мемлекеттік мекемелерде көрсетілетін қызметтер туралы құжаттар үлгілері халыққа қол жетімді жерде ақпараттық стендтерде толық орналастырылуы тиіс. Әр азамат сапалы мемлекеттік қызмет алуға құқылы. Мемлекеттік қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарға бой алдыруының себептері әр түрлі болып келеді. Кейбір қызметкерлердің кәсіби әдептілігінің жетіспеуі немесе жеке басының қамын ойлауы, жалақының аз болуы және т.б. себептер болуы мүмін. Осындай қылмыстарға жол бергізбеу үшін басқарма қызметкерлері арасында жаппай құқықтық оқу, дөңгелек үстел, семинар кеңес өткізіліп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары қадағаланып отырады. Мекеменің кіре берісінде сенім жәшігі қойылған, сонымен қатар, 2-25-84 телефон нөмірі ілінген.

Сыбайлас жемқорлық дертімен күресу үшін бүкіл халық болып атсалысып, оның қоғамға таралуына жол бермеу қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосып, халықтың сенімінен шығатынымыз анық. Біз жемқорлыққа қарсымыз. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлық болмауы үшін қоғам болып бұл індетке қарсы тұрайық.

**А.К БАҒЫМБАЕВА,**
**Арал ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасының бас маманы.**

## ЭКОЖАҢАЛЫҚТАР • ЭКОНОВОСТИ



# МИКРОБЫ В КОРЕ ДЕРЕВЬЕВ ПОГЛОЩАЮТ ПАРНИКОВЫЕ ГАЗЫ

*Новое исследование показало, что специфические сообщества бактерий и архей, обитающие в коре различных деревьев, активно поглощают мощные парниковые газы - метан ($CH_4$) и оксид азота ($N_2O$).*

*Ранее считалось, что эти газы в основном поглощаются почвенными микробами или рассеиваются в атмосфере. Однако кора с её пористой структурой и богатством органических соединений образует особую среду обитания для метанотрофных и денитрифицирующих микроорганизмов, использующих эти газы в своём метаболизме.*

*Это открытие означает, что деревья, особенно в составе лесных экосистем, могут играть более значительную и прямую роль в регулировании климата, чем предполагалось ранее, не ограничиваясь лишь накоплением углерода в древесине и листьях. Поглощающая способность коры на уровне экосистем может быть существенной, что заставляет пересматривать углеродные бюджеты лесов и подчёркивает важность сохранения не только самих деревьев, но и их сложной поверхностной экосистемы.*

*По материалам gismeteo.ru, фото © Shutterstock/FOTODOM.*


## ТОО «КазЭкосистемс»

КЭС — ПРИРОДООХРАННОЕ ПРОЕКТИРОВАНИЕ И НОРМИРОВАНИЕ

(гослицензия 01259 №0042510 от 25.09.2008 г.) представляет следующие виды услуг в области охраны окружающей среды:

1. Оказание консультационных услуг в области охраны окружающей среды
2. Составление и содействие в подаче заявления о намечаемой деятельности в уполномоченный орган в области ООС
3. Организация в проведении общественных слушаний
4. Подготовка отчета о возможных воздействиях при оценке воздействия на окружающую среду
5. Подготовка послепроектного анализа отчета о возможных воздействиях
6. Составление заявления на получение экологического разрешения на воздействия, в том числе:
6.1 Разработка проектов нормативов эмиссий (нормативы допустимых выбросов, нормативы допустимых сбросов)
6.2 Составление программы управления отходами для I и II категории
6.3 Составление паспорта опасного отхода
6.4 Разработка программы производственного экологического контроля (ПЭК)
6.5 Составление проекта плана мероприятий по охране окружающей среды
7. Составление отчета производственного экологического контроля
8. Разработка раздела «Охрана окружающей среды» в составе проектной документации при подготовке декларации для III и IV категории
9. Подготовка и содействие в подаче декларации о воздействии на окружающую среду для III категории
10. Составление проектов обоснования санитарно-защитной зоны (предварительная, окончательная)
11. Составление квартальных отчетов, согласно условий экологического разрешения, статистических отчетов, налоговых отчетов по форме 870.00.
12. Консультация и содействие в формировании пакета документов для получения лицензии для юридических лиц, занимающихся деятельностью по переработке, обезвреживанию, утилизации и (или) уничтожению опасных отходов.

Наш адрес: г. Кызылорда, ул. Байтурсынова, 48.
эл.адрес kazecosystems@mail.ru
тел. 8 7242 27 52 99



ПРИОБРЕТАЙТЕ ПОДПИСКУ И ПОЛУЧАЙТЕ СВЕЖИЕ ВЫПУСКИ ГАЗЕТЫ ПО ЭЛЕКТРОННОМУ АДРЕСУ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР АССОЦИАЦИЯСЫ СЫР ТАБИҒАТЫ АССОЦИАЦИЯ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ

syr.tabigaty@gmail.com
www.syrtabigaty.kz

Наш адрес: г.Кызылорда, ул.Кайнарбаева, 33
+7 777 563 76 92


# ГДЕ НАХОДИТСЯ И КАК ВЫГЛЯДИТ ЧЕРЕПАШИЙ ОСТРОВ?



*С северо-восточного побережья Тайваня можно увидеть, как над поверхностью Тихого океана возвышается огромная зеленая черепаха. Это остров Гуйшань, также известный как Черепаший остров, который представляет собой вершину стратовулкана, покрытую растительностью. Площадь его суши составляет чуть меньше трех квадратных километров.*

*В сентябре 2021 года спутник Landsat-8 получил изображения острова из космоса. Первый снимок показывает его близость к Тайваню - примерно 10 километров от берега. На втором снимке, снятом более крупным планом, можно заметить интенсивное судоходство вокруг острова и область бело-голубой воды, которая носит название «Молочное море».*

*Расположенные на дне десятки гидротермальных источников извергают богатые серой вулканические шлейфы. Сера, серные бактерии и пузырьки газа делают поверхность воды молочно-белой. Несмотря на резкий запах серы, место популярно среди туристов и фотографов. Для ученых остров интересен с точки зрения организмов, обитающих вблизи жерл, где вода кислая, горячая и насыщена тяжелыми металлами. Изучение таких экосистем помогает понять, как развивались ранние формы жизни.*

*Последние отчеты об извержениях вулкана были зарегистрированы в конце 1700-х годов и по наблюдениям с кораблей в 1853 году. В 2016 году в регионе произошло землетрясение магнитудой 5,8. В ноябре 2021 года газовый шлейф поднимался в воздух из щелей в вулканической породе возле черепашьей головы.*

*Еще одна фотография показывает вид со смотровой площадки на острове, которая в настоящее время открыта для посетителей. Когда-то на острове проживало 750 человек, но к концу 1970-х годов все они переехали. С 1977 по 2000 год там располагалась военная база.*

*По материалам gismeteo.ru, фото © Kathryn Hansen / CC BY-NC-ND 2.0.*


Құрылтайшы - Қызылорда облыстық «Сыр Табиғаты» заңды тұлғалар Ассоциациясы

Редактор Акбота Абенова

Газет Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму Министрлігі байланыс, ақпараттандыру және Ақпарат Комитетінде қайта тіркелген.

Тіркеу куәлігі №15905-Г, 25.03.2016ж.

Жекеленген авторлардың пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, қолжазбалар қайтарылмайды. «Сыр Табиғаты» газетінде жарияланған мақала көшірілін басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

Жарнама және хабарландыру мәтіні мен мазмұнына редакция жауап бермейді.

Газет редакцияның компьютер орталығында терілін, беттелін, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Жазылу индекс - 68116

Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Қайнарбаев көшесі, №33. Толық мәлімет алу үшін: 8-777-563-76-92 телефонына хабарласуға болады.
E-mail: syr.tabigaty@gmail.com

Басылым апта сайын жарық көреді

Тапсырылыс № 94

Таралым 500